

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IX том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жакып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков,
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),
И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір-жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

Жалпы-редакциясын-басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Авторлар:

Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова,
Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер

Жауапты-редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IX том. Пәнаралық зерттеу / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер; жауапты ред. З. Сейітжанов; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 291 б.

-ISBN-978-601-04-1617-8(ортақ)

-ISBN-978-601-04-1717-5-(IX-том)

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай өлемін терең тануға талаптанған көпшілік оқырманға арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ-821.512.122.0-

КБЖ-83.3(5Қаз)-

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1717-5 (IX-том)

© Авторлар ұжымы, 2016
©-Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

VIII тарау

КӨРКЕМ АҚПАРАТ: АҢҒАРУ МЕН АУДАРУ

Абай өлеңдеріндегі реалиялар

Абайдың шығармалырын терең тану, жете түсіну, лайықты аудару – қазақ халқының тарихы мен болмысын, дәстүрін, тұрмысын, мәдениет ерекшеліктерін, Абай тілінің ерекшеліктерін егжейлі-тегжейлі білетін адамның қолынан келеді. Бұл үшін аудармашыға ізденіс керек, талап керек, Абайдың еңселі рухын ренжітпейтін ниет керек.

Профессор, абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Ж. Дәдебаев «Абайдың антропологиясы» монографиялық зерттеуінде былай дейді: «Абай – қазақтың бас ақыны. Оның шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, дүниетанымы, ойлау ерекшелігі, күйіну және сүйіну сипаты, сөйлеу мәдениеті мейлінше терең көрініс тапқан. Сондықтан Абайды орыс тіліне аударамын деген жанның орыс ақыны немесе орыс тілді ақын ғана болуы жеткіліксіз. Ол алдымен Абай деңгейіндегі ақын болуы шарт» [1]. Иә, расымен де Абайды аудару кез-келген қатардағы аудармашының қолынан келетін шаруа емес. Бұл – қазақ тілін, Абай тілін толық меңгерген адамның қолынан келетін іс.

Абай өлеңдеріндегі реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу мәселесіне кіріспес бұрын, Абайдың өлеңдерінде реалиялар бар ма, тегі мен түрі бойынша бұл қандай реалиялар қатарына жатады – соны анықтап алайық.

Қазіргі таңда аударматану саласында реалиялар, соның ішінде қазақ реалиялары, оларды басқа тілдерге аудару жайлы теориялық негізі терең еңбек жоқ. Болашақта бұл қажеттілік өтеледі деген сеніммен, біз реалияларды жіктеуге басшылық ретінде С. Влахов пен С. Флорин жіктемесін аламыз.

Өздерінің еңбектерінде реалия сөздерді терминдерден, зат есімдерден, кірме сөздерден ажырата отырып, С. Влахов пен С. Флорин оларды былай бөледі:

А. Географиялық реалиялар

- а) Физикалық география нысандары, соның ішінде метеорология нысандарының атаулары;
- ә) Адам қызметімен байланысты географиялық нысандардың атаулары;
- б) Эндемик атаулары.

Б. Этнографиялық реалиялар

1. Тұрмыс:

- а) тағам, сусын түрлері және т.б.
- ә) киім (аяқ киім, бас киім, т.б.)
- б) тұрғын үй, жиһаз, ыдыс-аяқ, т.б.
- в) көлік (жүргізушілер)
- г) т.б. тұрмыстық заттар

2. Еңбек:

- а) еңбек қызметкерлері
- ә) еңбек құралдары
- б) еңбек ұйымдары

3. Мәдениет және өнер:

- а) музыка және би
- ә) музыкалық аспаптар және т.б.
- б) фольклор
- в) театр
- г) өзге мәдениеттер және мәдениет нысандары
- д) орындаушылар
- е) ырым, дәстүрлер
- ж) мейрамдар, ойындар
- з) мифология

- и) дін – табынушылар мен шәкірттер
- к) күнтізбе

4.Этникалық нысандар

- а) этнонимдер
- ә) лақап аттар
- б) тұратын орны бойынша тұлғалардың атауы

5. Өлшемдер мен ақша

- а) өлшем бірліктері
- 2) ақша бірліктері

В. Әлеуметтік-саяси реалиялар

1. Әкімшілік-аумақтық құрылым:

- а) әкімшілік-аумақтық бірліктер
- ә) елді мекендер
- б) елді мекен бөлшектері

2. Үкімет (билік) органдары мен иелері

- а) үкімет органдары
- б) билік иелері

3. Әлеуметтік-саяси өмір

- а) саяси ұйымдар мен саяси қайраткерлер
- ә) патриоттық және әлеуметтік қозғалыстар (және олардың қолбасылары)
- б) әлеуметтік құбылыстар мен қозғалыстар
- в) бедел, атақ, мансап
- г) мекемелер
- д) оқу орындары мен мәдени ошақтар
- е) сословиелер мен касталар
- ж) сословиелік таңбалар мен белгілер

4. Әскери реалиялар

- а) бөлімшелер

- ә) қару-жарақ
- б) нысанды киім
- в) әскери қызметкерлер мен (командирлер)

Бір тілдің кеңістігінде

1. Өз реалиялары:

- а) ұлттық
- ә) жергілікті
- б) микрожергілікті

2. Бөтен реалиялар

- а) интернационалдық
- ә) аумақтық

Қос тілдік кеңістікте

- 1). Ішкі реалиялар
- 2). Сыртқы реалиялар

Уақыттық болу:

Қазіргі реалиялар

Тарихи реалиялар [2, 59].

Осылайша С. Влахов пен С. Флорин реалияларды жіктеп алады да, ары қарай оларды қалай аудару керек деген сұраққа жауап ретінде тағы да өз жіктемелерін ұсынады. Бұл жіктемедегі аудару тәсілдері классикалық тәсілдер болып қалыптасып кеткен.

Біз ең алдымен осы жіктеме бойынша Абай өлеңдерінің басым көпшілігін қарастырып, ондағы реалияларды анықтадық.

Абай өлеңдерінде кездесетін реалиялар: саба, қымыз, самаурын, бәйгі, шапан, тымақ, бөрік, сабау, ауыл, малма сапсу, жіп иіру, күзеу, қыстау, жайлау, би, домбыра, қобыз, бергек, кереге, той, тон, қыз ұзату, қыз таныстыру, қынаменде, аят, хадис, бет ашар, жар-жар, шомшы, Арғын, Найман, Тобықты, сарт, бөстек, т.б.

Демек, Абай өлеңдерінде географиялық, этнографиялық, қоғамдық-саяси, бөтен (кірме), тұрмыстық және т.б. реалиялар

бар. Олардың бәрін қарастыру біздің жұмысымыздың міндетіне жатпайды. Оның үстіне біз Абай өлеңдеріндегі ұлттық мазмұны мен сипаты қанық реалияларды ғана тандап алып, өз ойларымызды солардың басқа тілдерге аударылу деңгейін анықтауды мақсат еттік. Бұл – өз алдына үлкен мәселе. Оны ғылыми тұрғыдан толық талдап, саралап көрсету терең ізденіс пен ерен еңбекті талап етеді. Міне, осы ізденіс пен еңбек жемісті болуы үшін, реалияларды аудармасы бұрын олардың мағынасын түсініп, ұғынып алу қажет. Ал содан кейін, олардың Абай өлеңіндегі қызметін анықтап болғаннан кейін, аудармаға кірісу керек. Ал енді аудармашылар Абай өлеңдеріндегі реалияларды қалай түсініп, қалай аударғандығын саралай отырып, олардың мәтіндегі қызметін анықтай алды ма, жоқ па – соны қарастырайық.

Көркем аударма сәтті шығуы үшін аудармашы түпнұсқаны өзінің бес саусағындай жақсы білуі тиіс. Сонымен бірге ол мәтінге терең бойлап, автордың басты идеясын, айтпақ ойын толық түсінуі шарт. Аудармашы үшін поэзияға қарағанда прозаны аудару жеңіл, поэзияны аудару үшін – ақын, прозаны аудару үшін – жазушы болу керек деген ойлар жиі айтылып жатады. Мейлі жазушы, мейлі ақын болсын, аудармашы өзі тәржімалайтын мәтінді жан-жақты зерттеп, талдап, ұғынуы керек. Аудармашының автор шығармасын өз жанынан өзгертпей, толықтырмай аударуы – міндет, міндет қана емес, аманат. Демек, аудармашы аманатқа қиянат жасамай, оны бұрмалап, мағынасын өзгертпей, оқырманға лайықты түрде ұсынуы тиіс.

Қазақ жазба әдебиетінің, көркем аудармасының негізін қалаушы ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – таусылмас қазына, зор мұра. Сол мұра қазіргі таңда әлем әдебиетінің озық үлгілерінің қатарынан орын алып, әлемге қазақ халқын, қазақ халқының мәдениетін танытуда. Абайдың адамгершілікті, қайырымдылықты, жақсылық пен әділдікті дәріптеп, надандық, зорлық, мақтаншақтықты сынайтын өлеңдері – ұлттық поэзиямыздың асқар шыңы. Сол құзар шыңды бағындырған аудармашы әзірге жоқ. Абайдың биігіне жетіп, өлеңдерін ақынның өз деңгейінде шебер зерлеген бір аудармашы табылмай келеді.

Абай поэзиясын аударуда аудармашылар үшін басты қиындықтардың бірі – реалияларды аудару.

Ұлттық әдебиеттің кез-келген туындысы тарихи, мәдени ақпараттан түзілетіні белгілі. Ал ұлт әдебиетінің көрнекті шығармашылық тұлғаларының туындыларында реалиялар мейлінше кең көрініс табады. Осы тұрғыдан келгенде, ұлт әдебиетінің туындыларын аударудағы басты қиындық реалияларды аударумен байланысты анықталады. Реалиялар туралы аударматану ғылымында жинақталған ойлар мен пікірлердің мол қоры бар. Кейбір аударматанушылар реалияларды аудару мәселесін аударматанудың теориясымен сабақтастырады. Әрине, бұл жерде теориялық қағидаларға сүйенудің маңызы үлкен. Солай дегенмен, реалияларды аудару аударма теориясының қағидаларына негізделеді деп біржақты айтуға болмайды. Шындығына келгенде, реалияларды аудару аударма теориясынан шықпайды, аударма теориясы реалияларды тану, пайымдау, аудару тәжірибесіне тәуелді. Сондықтан, реалияларды аудару мәселесін нақты, салыстырмалы талдау негізінде пайымдаған дұрыс.

Реалиялар белгілі бір басты ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. С. Влахов пен С. Флорин оларды былайша жіктейді:

- 1) Заттық бөлу:
 - а) Географиялық реалиялар;
 - ә) Этнографиялық реалиялар;
 - б) Қоғамдық-саяси реалиялар;
- 2) Жергілікті бөлу:
 - а) Бір тіл кеңістігіндегі реалиялар;
 - ә) Қос тіл кеңістігіндегі реалиялар;
- 3) Уақыттық бөлу:
 - а) Қазіргі заман реалиялары;
 - ә) Ескірген (тарихи) реалиялар [2, 59].

Абай өлеңдерінде географиялық, этнографиялық, қоғамдық-саяси, бөтен (кірме), тұрмыстық және т.б. реалиялар бар. Олардың бәрін қарастыру біздің мақаламыздың міндетіне жатпайды.

Оның үстіне біз Абай өлеңдеріндегі ұлттық мазмұны мен сипаты қанық реалияларды ғана таңдап алып, өз ойларымызды солардың басқа тілдерге аударылу деңгейін анықтауды мақсат еттік. Бұл – өз алдына үлкен мәселе. Оны ғылыми тұрғыдан толық талдап, саралап көрсету терең ізденіс пен ерен еңбекті талап етеді. Міне, осы ізденіс пен еңбек жемісті болуы үшін реалияларды аудармас бұрын, олардың мағынасын түсініп, ұғынып алу қажет. Ал содан кейін олардың Абай өлеңіндегі қызметін анықтап болғаннан кейін ғана аудармаға кірісу керек. Ал енді аудармашылар Абай өлеңдеріндегі реалияларды қалай түсініп, қалай аударғандығын саралай отырып, олардың мәтіндегі қызметін анықтай алды ма, жоқ па, соны қарастырайық.

Ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін?
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің білімдінің,
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Ақынның сөзі бейнелі, суретті, образды. Олардың кейбірі тура мағынада емес, астарлы мағынада қолданылған. Сондықтан олардың нақты мағынасын дәл тауып көрсету, дәл түсіну оңай емес. Ал реалиялардың мағынасын дәл түсіну, анықтау мүлде қиын.

Берілген өлеңдегі «бергек» сөзіне назар аударайық. Бұл сөздің мағынасын қазіргі қазақ оқырмандарының көпшілігі біле бермейді. Сөздің мағынасын білмеген адам оның қолданылу аясын да білмейді: сөз заттың атын білдіре ме, сынын білдіре ме, сапасын білдіре ме, іс-әрекетті, қимылды білдіре ме – бәрінен де мақұрым қалады. Мұның бәрін білмеген адам бұл сөзді басқа тілге қалайша аудармақ?

Біздің сөзімізге тұздық болып отырған «бергек» – әйелдердің әшекейлі бас киімінің атауы. Жас келіншек сәукелені той өткенше киіп отырып, тойдан соң сәукелені іліп қойып, орнына бергек киетін [3, 264]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бергек» сөзіне осындай түсініктеме беріледі. Сөйтіп, бергек сөзі тұрмысқа жаңа шыққан жас келіншектің киетін әшекейлі бас киімі болып шығады.

Осы сөзді аудармашы түсінді, мағынасын білді деп есептейік. Солай болған күннің өзінде бұл сөзді басқа тілдерге аудару қиын.

Ақыл тоқтатпаған адамға қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек сияқты нәрселерді айтса, ол қызығып, соған есіл-дерті кетіп, басқаның бәрін ұмытады. Өйткені мұндай адам осы аталған заттар мен нәрселердің бәріне қызығып, әуесқойлықпен құмартады. Абайдың өлеңінен оқырман осындай мағынаны ұғады. Аудармашылар осы топтағы «бергек» сөзін «диадема», «платок», «тога» деп аударады. Бір қарағанда осылардың бәрі орынды сияқты. Ал осыларды оқып алып, Абайдың өлеңіне қайта оралатын болсақ, аудармашылардың жоғарыда көрсетілген сөздеріне көңіліміз толмай қалады. Енді соның кейбір жайларына назар аударайық.

Красная заря (лучи), белое серебро, золотая диадема
Могут подняться до высот интересной сказки.
(Б. Момышұлының жолма-жол аудармасы)

Осы жолма-жол аударманы қазақ тіліне кері аударсақ, мынадай болмақ:

Қызыл арай (сәулелер), ақ күміс, алтын диадема
Қызықты ертегілердің биігіне дейін жете алады.

Б. Момышұлы «бергек» деген тұрмыстық реалия категориясындағы сөзді «диадема» деп аударады. «Диадема» – (гр. *diadema*) шағын ғана, ортасы ашық әйелдердің әшекейлі, қымбат тәж секілді бас киімі [4]. Д. Ушаковтың түсіндірмелі сөздігіндегі диадеманың анықтамасы осындай. Демек, аудармашы орыс тілді оқырмандарға қазақтың «бергек» деген сөзінің мағынасын

оларға мәлім «диадема» арқылы таныстыруға тырысқан, алайда қазақтың бергек киген қызын диадема киген ежелгі грек қызымен салыстыру қиын. Оның үстіне бұл – екі бөлек мәдениеттің материалдық элементтері. Екеуінің атқаратын функциясы мен сыртқы көрінісі бөлек.

Демек, бергекке диадема эквивалент бола алмайды. Бергекті қазақ әйелдерінің жасына, әлеуметтік жағдайына, руына байланысты киген жаулық, жырға, кимешек, бөрік сияқты бас киімдерінің бірі деп қарау жеткіліксіз. Сәукеле де, бергек те әшекейлі бас киім. Ал ақынның дәл осы бергек сөзін таңдауы арқылы мәтінге анық па, әлде астарлы ма, белгілі бір мағына теліп тұрғанын байқаймыз. Яғни, бізде аудармаға деген екі талап пайда болады: 1) аудармада образды беріп, ұлттық колоритті сақтау; 2) осы реалия сөздің мәтіндегі мағынасын анықтап, аудару.

Орыс ақыны, аудармашысы Д. Бродский бұл жолдарды былайша аударады:

Бредит дурень о багрянце заревом,
Об одеждах, шпрых чудо-серебром.

Өзіміз де байқап отырғанымыздай, Д. Бродский түпнұсқадағы «бергек» сөзін өз аудармасында мүлдем тастап кеткен. Ол оны әдейі тастады ма, жоқ балама табуға қиналғандықтан тастады ма – беймәлім. Аудармашы Абайдың әйтеуір киім жайында айтып отырғанын түсінген. Бірақ берілген аударманы оқыған адам ондағы киімнің бас киім бе, аяқ киім бе, әлде басқа киім бе – оны аңғарып, түсіне алмайды. Сөздің өзі де, сөздің мағынасы да аудармада көрініс таппаған. Яғни, аудармашы «бергектің» мағынасын таба алмаған, ізденбеген десек, артық кетпейтін болармыз. Бәлкім, ол «алтын бергекті» «одежды, шитые чудо-серебром» деп аудару абзал деп шешкен болар, алайда Абайда «алтынды-күмісті киім» немесе «алтын мен күмістен тігілген киім» деген образ жоқ, «алтын бергек» бар.

Ақынның «берегін» Ю. Кузнецов пен Ә. Қодар «платок» деп аударған.

Алый жар, златом-серебром шитый платок
Этот сказ и сегодня его не увлек...

(Ю.Күзнецов аудармасы)

Кері аудармасы:

Қып-қызыл ыстық, алтын-күмістен тоқылған орамал
Бұл ертегі оны бүтін де еліктірмеді.

«Платок золотой и серебряный звон
До прелести чуда тобой вознесен...

(Ә.Қодар аудармасы)

Кері аудармасы:

Алтын орамал мен күмістің сыңғырын
Сен керемет әсемдіктей көресің.

Аудармашылар Д. Бродскийге қарағанда «бергекті» «орамал» деп аударып, оның басқа киетін киім екендігін аңғарған. Осылайша, олар түпнұсқаға сәл жақындаған десек болады. Бәлкім, аудармашылар «бергекті» сол күйінде қалдырса, оқырман оны түсінбес еді, өйткені қазір қыздар тұрмысқа шыққаннан кейін «бергек» кимейді. Қазір біреуге келін болып түскен бойжеткен басына орамал тағатынын білеміз. Сондықтан, оқырманға түсінікті болсын деп аудармашылар Абайдың тілін жаңартқысы келген шығар. Дегенмен, Абай «орамал» емес «бергек» деп «ермек үшін жазбаған» болар.

М. Әдібаев бұл жолдарды былайша аударады:

Лучи зари и слитки серебра, и золотом отделанные тоги
Украсить могут сказочные слоги.

Кері аударма:

Таң сәулесі мен күміс кесектері, алтынмен көмкерілген тогалар
Ертегі шумақтарын көркемдей алады

Мұндағы «тоға» – Ежелгі Римдегі ер азаматтардың ақ кенеп матадан тігілетін, бір ұшын сол жақ иыққа жамылып киетін киімі [5]. Біз аудармашының қазақ әйелдерінің ұлттық бас киімі болып табылатын «бергектен» Ежелгі Рим азаматтары үстіне орай жамылатын «тоғаға» қалай адасып келгеніне қайран қалудан басқа ешнәрсе істей алмаймыз. Бұл аударманы оқығанда өлеңді Абай емес, ежелгі грек, рим ақындары жазды деген ой өздігінен туындайды. Сондықтан, амфитеатр, ғибадатхана, алтарь, басқа да ежелгі Рим мәдениетіне тән нәрселерді елестетіп кететін болсаңыз, таң қалмаңыз. Бәлкім, аудармашы өзіне дейінгі аудармашыларды қайталағысы келмеген болар, бірақ өлеңнің ұлттық реңкін өшіріп, оған өзге бояу беру қиындықтан шығатын жол емес. Мұның нәтижесі – ұлттық реалияны өзге ұлт реалиясына алмастыру нәтижесінде болатын мағынаның өзгеруі және ұлттық колориттің жойылуы.

Осы жерде, «неліктен аудармашылар қазақтың ұлттық бұйымдарының атауларын өзге ел мәдениетіндегі нәрселердің атауларымен алмастыруды жөн көреді?» (*диадема, тоға*) деген сұрақ туындайды.

Міне, бір ғана «бергек» сөзін аударуда осындай үлкен дау туар деп кім ойлаған?

Ұлттық бояуы қанық, қазақтың болмысына тән сөздерді Абай тек бұл өлеңде қолданбайды, жалпы ондай сөздерді ақынның әр өлеңінен кездестіреміз.

Мысалы, ақынның әйгілі «Жаз» өлеңіндегі мына жолдарға назар аударалық:

Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кенесіп, күліп сыпқылдап...

Бұл жолдардағы қазақтың мәдениетіне ғана тән ұлттық атаулар, яғни реалиялар – саба мен қымыз.

Қазіргі жаһандық заманда дүние жүзіне қытай шынысынан жасалған ыдыстар таралғалы бері, көшпелі салт құлдырағалы бері қазақ халқы теріден саба, сүйретпе, мес, торсық, көнек се-

кілді ыдыстарды жасауды доғарды, дегенмен сабаға құйып сапыратын сары қымыз әлі де қазақ халқының сүйікті сусыны болып табылады.

Қазақ түсіндірмелі сөздіктерінде сабаға – «жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс» деп, ал қымызға – «бие сүтінен ашытылған қышқыл дәмді сусын» деп барынша түсінікті әрі нақты анықтама беріледі [3]. Ал енді аудармашылар осы сөздерді орыс тіліне қалай аударғандығын көрелік.

Кумыс из саба наливают,
В середину выставляют

(М. Әдібаев аудармасы)

Наливают кумыса из саба и ставят
в центр дастархана, и взрослые, почтенные сидя кругом,
отдельно, советуются шутят и пьют.

(К. Досжанның жолма-жол аудармасы)

Бьёт ключом из сабы кумыс.
Остроумие в их кругу
Возбуждает кумысный дух.

(П. Шубин аудармасы)

Хозяйка льет из сабы кумыс,
Уже домочадцы в кружок сошлись,

(А. Жовтис аудармасы)

Аудармашылар қымыз бен сабаның қазақ тіліндегі атауын сақтап, орыс тіліне сол күйінде жеткізген. Дегенмен, реалияларды орыс тіліне транслитерация жасау немесе транскрипциялау кезінде М. Әдібаев секілді түсіндірме берген абзал. Өйткені барлық орыс тілді оқырман саба мен қымызды таниды, біледі деп біржақты шешім қабылдау дұрыс болмайды.

И ведут свои беседы
За кумысом ароматным.

(Ю. Кузнецов аудармасы)

Ю. Кузнецов аудармада қымызды ғана беріп, сабаны түсіріп кеткен. Бәлкім аудармашы қымызды аударсам жеткілікті деп шешкен болар. Алайда, аудармашының бұл шешімі түпнұсқаның тұтастығы мен көркемдігіне зиян келтіруі әбден мүмкін.

Рассевшись вокруг тегене
Ведут разговор старики

(Ә. Қодар аудармасы)

Ә. Қодар қымызды да сабаны да түсіріп кеткенімен, мұны «тегене» деген қазақтың реалиясымен өтемек ойда болған шығар. Ұлты қазақ аудармашы қонаққа қымызды тікелей сабадан құйып бермей, алдымен оны басқа «тегене» сияқты ыдысқа құйып алатынын білген. Дегенмен, саба мен қымыз ол да бір образ ғой, ал ол образ жоғалған. Дегенмен, ұлттық бояу сақталған.

Осы жолдарды ағылшын тіліне Р. Маккейн былайша аударды:

The old men are in a close circle in the tent,
waiting for the aromatic *koumiss*.

Ағылшын тіліндегі аударма жолма-жол аударма болғанымен, өзіміз байқап отырғандай «қымыз» сақталған. Мұнда да аудармашы саба сөзін қалдырып кеткенін көріп отырмыз. Ағылшын тіліндегі осы жолма-жол аударманы қолдана отырып бір көркем аударма жасалғанда, бұл ескерілер деген үміттеміз.

Қымыздың мұрын жарар иісі туралы автор да, екі аудармашылардан өзгелері де тіс жармайды. Ал Р. Маккейн мен Ю. Кузнецов қымыздың осы сипатын бірдей атайды. Мұнда сатылы аударманың иісі шығып тұрғандай...

Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап, –

дейді Абай «Жаз» өлеңінде. Мұнда аудармашыларға қиындық тудыруы ықтимал сөз ретінде «бәйгі атындай» реалиясы деп

қарастырамыз. Алдымен «бәйгі» сөзінің анықтамасын келтірейік. Бәйге – ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы, спорт ойынының бір түрі. Ал бәйге ат – бәйгеге шабатын, қосатын, жүйрік ат [3]. Ақын аттардың түрлері мен сипаттамаларын ғана емес, олардың жүріс-тұрысын, табиғатын жақсы біледі. Бәйгеге қосатын ат жүйрік болуы керек. Абай «білімділерді» бәйге атына теңестіріп отыр. Яғни, ақын білімділер сөз сөйлегенде, жарысқа түскен жүйрік аттай аңқылдап сөйлейтініне назар аударады. Бірақ «бәйге атындай аңқылдап» сөзі білімділер ақкөңіл, аңқылдақ келеді деген ойды аңғартады деуге болмайды. Бәйге атындай аңқылдау – жүйріктің қанша шапса да алқынбай, кең тынысын тарылтпай, барынша еркін шабуына байланысты айтылған бейнелі сөз. Бәйге атындай аңқылдап сөйлеген білімділерді өзгелер «басын изеп» тыңдайды. Бас изеу – тілсіз тілдесудің құралы. Бас изеу мақұлдау деген мағынаны білдіреді. Бас шайқау оған кері мағынаны білдіреді. Сөйтіп, ақын өлеңінің төрт жолының мағынасын толық түсіндік делік. Енді осы мағынаны аудармашылар түсінді ме екен, соны көрейік.

Если ученый скажет слово, оно (слово) словно
Лошадь пришедшая первой в байге,
Другие кивают, соглашаясь (конечно).

(К. Досжан аудармасы)

Аудармашы «білімділердің бәйгі атындай аңқылдап айтқан сөзін» «оно (слово) словно лошадь, пришедшая первой в байге» деп аударыпты. Аудармашы, осылайша, сөздің өзін бәйгеден оздырады. Ал Абай сөзді емес, білімділердің өзін бәйгі атына теңеп тұр. Дәлірек айтқанда, білімділер «бәйге атындай аңқылдап» сөз айтады деген мағына мен «бәйгеден бірінші болып келген аттай сөз» деудің арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Оның үстіне «бәйгеден бірінші болып келген аттай сөз» деген қандай сөз болуы мүмкін. Мұндай сөз қазақтың ғана емес, орыстың ұғымына да қайшы, оралымсыз, Абай айтқан «бөтен сөз» емес пе? Иә, аудармашының сөзі – «бөтен сөз».

Бай кивком одобряет речь,
Говорить не желая вслух;
Но кивку его, лебезя,
Вмиг поддакивает весь круг.

(П. Шубин аудармасы)

Пока один, не в меру болтливый,
Трептит не смолкая, другие учтиво
Кивают рассказчику головой.

(А. Жовтис аудармасы)

П. Шубин да, А. Жовтис те «бәйгі атындай» деген теңеуді түсіріп тастаған. Алғашқы аудармашы «бәйге атындай аңқылдап сөйлеген білімділерді» жоқ қылып жіберсе, екінші аудармашы оларды «мылжың» деуі мүлде тосын және түпнұсқа авторының ойына мүлде қайшы. Бәйге атындай аңқылдап сөйлеу – білімділерге тән қасиет. Білімсіздер бәйге атындай аңқылдап сөйлей алмайды. Олар сөйлей қалса, «езіп» сөйлейді және оларды мақұлдап бас изей- тіңдер болмайды. Абай бұлар жайында айтып отырған жоқ.

Заводят речи знатоки,
В байгу запущены слова.
Иные вторят им кивком,
Поддакивают млад и стар.

(М. Сұлтанбеков аудармасы)

М. Сұлтанбеков аудармасында «бәйгі атындай» бейнелеу құралы тұтастай сақталмаса да, бәйге сөзінің өзі бар. Ол бәйгеге білімділердің өзін емес, сөзді қатыстырады.

Муж ученый держит слово,
Что быстрее коня степного.
Все согласье выражают
И кивают то и дело.
(Ю. Кузнецов аудармасы)

Вот взялись за речь знатоки,
Как кони бросаюсь в намет.

Другие горазды кивать,
Смотря им доверчиво в рот.

(Ө. Қодар аудармасы)

Ю. Кузнецов та, Ө. Қодар да «бәйгі атындай» реалиясын аудармада бермейді. Бірі жай ғана «степной конь», екіншісі «как конь бросаюсь в намет» деп аударғанды жөн көрген. Екінші аудармашы түпнұсқаға барынша жақындаған, бірақ «бәйгі» деген реалияны түсіріп кетпей, қосқанда аударма тіпті сәтті шығатын еді деген ойдамыз.

И приживалы лебезят,
Качая головами в такт
Словам ученым – «так, так, так!»

(М. Әдібаев аудармасы)

М. Әдібаев аудармасында не бәйгі жоқ, не ат жоқ.

Абайдың білімділері секілді бәйгеден оза шауып, бірінші келетін аудармашы аудармаға нұқсан келтірмей, керісінше автордың ойымен жүйткіп отырып, ешқайда бет бұрмай, мәреге жету керек.

Абай өлендерін аударуда «бәйгі аттай» аңқылдаған аудармашылар әлі жоқ. Ал Абай өлендеріндегі реалияларды аударуға келгенде, аудармашылар бірде сүрініп, бірде ақсап, бірде жығылып жатқандай әсер қалдырады.

Қазақ – шешен халық қой. Сөз өнерінде қатарынан озған адамдарды арыстанға, жолбарысқа, нарға теңеу бар, қыранға, сұңқарға, лашынға теңеу бар, тұлпарға теңеу бар. Бұл теңеулер арқылы адамның бойындағы өзгелерден асық, ерекше қасиеттер ашылады. Бұл секілді теңеулерде мадақтау сарыны анық байқалып тұрады. Ал қатарынан озып тұрған адамның қасиетін тұлпардың, бәйге аттың алқынбас жүйрік қасиетіне теңеу арқылы айқындай түсуге, ажарлай түсуге болады, атқа теңеуге болмайды. Аттың аты – ат, мал. Онда адамның жүйрігінің, адамның білерменінің ерекше асық қасиетін ашып көрсетуге септігін тигізетін, негіз болатын ерекше асық қасиет, белгі жоқ. Білімі асқан адамды атқа теңеу адамды малға теңеумен бірдей. Өйткені қатарынан

озған, білімі асқан, бойында ерекше қымбат қасиеті бар адамның ажарын оның бойындағы қасиетімен тектес немесе одан да озық қасиеті бар құбылыспен теңестіру арқылы ғана ашуға болады. Бұлай болған жағдайда қатарынан озып тұрған адамның ерекше қасиетінің қадірі қашады. Қатарынан асып тұрған адамның ерекше қасиетін жай бір жануарға теңеу арқылы ашу сөйлеушінің білімсіздігінің көрінісі болып табылады. Жақсы қасиеттің жақсылығын қасиеті жоқ затқа теңеу арқылы ашу мүмкін емес.

Абайдың ақындық шеберлігін сөз еткенде оның реалистік поэзиясына тұнық мөлдірлік пен айқындық қана хас екенін, ал формализм атымен жат екенін әрдайым есте тұтуға, ұмытпауға тиіспіз. Сондықтан да біз Абай поэзиясына музыкалық үйлесім, әуезділік хас дегенде оның саф тазалығын, ішкі гармониясын айтамыз, тұтқырлық пен тұттығу жоқтығын, татаусыздығын айтамыз. Мұның бәрі – Абайдың суреткерлік зор мәдениетінің де, қуатты ақындық шабытының да жемісі, анық белгісі [7, 312]. А. Нұрқатовтың сөздеріне қосыла отырып, ұлы ақынымыздың туындыларының өзге тілдерге аударылуы кезінде орын алатын ақынның мөлдір әрі айқын реализмінің формализмге ұрынуы, музыкалық үйлесімінің, үнінің бәсеңдеуі, саф тазалығының көмескіленуі мен ішкі гармониясының жоғалуы секілді нәрселерге шек қойсақ деп тілер едік.

Абайдың өлеңдерінің өзге тілдерге аударылуы – аударматанудағы қашан да өз өзектілігін жоғалтпайтын тақырып. Ақынның терең ойлы, мағыналы өлеңдері өзге жұрт өкілдері үшін әлі де тұманы сейілмеген тылсым дүние. Сол тұманды сейілтуді мақсатында ақын өлеңдерін орыс тіліне бірталай Д. Бродский, Вс. Рождественский, А. Гатов, П. Шубин, А. Жовтис, Б. Момышұлы және К. Досжан (жолма-жол), П. Карабан, Штейнберг, Ю. Кузнецов, т.б. көптеген аудармашылар аударған. Ағылшын тілінде жолма-жол аударманы Р. Маккейн жасаған. Талдау барысында орыс тіліндегі аудармалар жалпы айтқанда жаман емес екендігін байқадық. Алайда қазақтың ұлттық сипатын білдіретін кейбір сөздер аудармада дұрыс берілмеген, немесе мүлдем түсіп қалған жағдайлар жиі кездеседі. Аудармашы кез-келген әдебиет туындысын аудару барысында мынадай міндеттерді орындауы тиіс:

- әрбір аударма дәлме-дәл болып, түпнұсқаның идеясы мен формасын дәл жеткізуі тиіс. Бұл дәлдік аудармашының құқықтық және моральдік міндеті болып табылады;
- аудармашы түпнұсқа тілін жақсы меңгеруі тиіс, әсіресе аударма тілін жетік білуі тиіс;
- ол, сонымен қатар, жан-жақты білімді болуға, аударманың басты тақырыбын жеткілікті түрде жақсы білуге және өзіне бейтаныс салада аударма жасаудан бас тартуға міндетті;
- аудармашыға түпнұсқаның авторына қатысты ерекше міндеттер жүктеледі.

Міне, жоғарыда аталған міндеттер 1963 жылы Дубровникте (Югославия) Аудармашылардың халықаралық Федерациясының – ФИТ IV Конгресінде қабылданған Аудармашы хартиясында көрсетілген. Бұл міндеттерді әрбір аудармашы білуі бір басқа, орындауы тиіс. Сонда ғана аудармашылардың беретін интеллектуалдық өнімі түпнұсқа деңгейіне жете алады. Ал Абайды аудару аудармашыға қандай қосымша міндет жүктейтінін жоғарыда айттық.

Табиғат суреттері

Табиғат – тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Адам мен табиғатты егіз ұғым деп қарастыруымызға әбден болады. Өйткені адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүре алмайды. Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін әлем әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан кездестіруге болады. Ал біздің әдебиетімізде табиғаттың әр мезгілінің ерекше сипатын өлеңмен өрнектеп, үздік көркемдік үлгі қалыптастырған ақын – Абай.

Абай өлеңдерінің бір алуаны – табиғат лирикасы. Ол жаздың тамылжыған шілдесін, қар бораған аязды қысын, сұр бұлт қаптаған күзгі аспанын ерекше шеберлікпен оқырманға жеткізе білген.

Қазіргі кезде Абай шығармашылығын әлем елдері оқиды. Өйткені Абай өлеңдері, қара сөздері, поэмалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Ал енді табиғат лирикасының орыс

тіліндегі аудармаларына келетін болсақ, бір өлеңінің өзінің бірнеше аудармасы бар. Бұл жақсы. Бірақ осы аудармалар түпнұсқаның мағынасын, көркемдік ерекшеліктерін нақты жеткізе алды ма? Абайтанушылардың, аударматанушылардың алдынан да, қарапайым оқушы жұрттың алдынан да осындай сұрақ шығатыны рас. Бұл секілді сұрақтарға жауап беру оңай емес. Өйткені бұл секілді сұрақтарға жауап беру аударматанудың өзекті бір мәселесін шешумен бірдей. Мысалы, «Жаз» өлеңінің орыс тіліндегі аудармаларына назар аударып көрейік.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда...

Өлеңде жаз айының барынша кемеліне келген, толысқан кезі суреттелген. Ақын жаздыгүн шілде болғанда көкорай шалғын мен бәйшешектің ұзарып өсіп жетілгенін, толғанын, күркіреген өзен жағасына ауылдың көшіп қонғанын, абыр-сабыр болған қазақ жұртының қарбалас тіршілігін әсем және әсерлі бейнелейді. Берілген үзіндінің алғашқы жолы А. Жовтистің аудармасында:

Летом, когда тенисты деревья, –
деп басталады. Түпнұсқадан хабары жоқ адам үшін А. Жовтистің аудармасының ешқандай кемшілігі жоқ. Түпнұсқаны білетін, Абайды түсінетін адам үшін олай емес. Ал енді осы жолды кері аударатын болсақ, мынадай мағына шығады:

Жазда, ағаштар көлеңкелі болғанда.

Абайды білмейтін, Абайды оқымаған адам үшін мұның да артықшылығы не кемшілігі болмауы мүмкін: қазақша, түсінікті. А. Жовтис жаздыгүн деген сөзді летом деп аударған, ал шілде болғанда сөзін аудармаған. Ақын бұл жерде жаздыгүн шілде болған нақты кезді айтқан, ал аудармашы жалпы жаз мезгілін айтып, жанынан «тенисты деревья» деген сөзді қосқан. Абай жаздыгүн, жаз болғанын ғана айтып отырған жоқ, жаздыгүн

шілде болғанын айтып отыр. Аудармашы Абай өлеңінің осы мағынасын жеткізе алмаған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Шілде» дегеніміз – жаздың тамылжыған ыстық айы, июль», – деп беріледі. Қазақ күнтізбесі бойынша июль айы шілде деп аталатыны анық. Жаздыгүні – жаздың үш айына бірдей қатысты ұғым. Біздің түсінігімізше, түсіндірме сөздіктің түсіндірмесі толық емес. Шілде дегеніміз жаздың тамылжыған ыстық айы екені рас. Сонымен бірге бұл сөздің қосымша мағынасы бар. Шілде – жердегі көкорай шалғын, бәйшешек – бәрі толысып, пісіп тұратын шақ. Абайдың «шілдесінде» осы мағына дараланған. Орыс тіліндегі аудармада бұл мағына ашылмаған.

П. Шубин осы жолды:

Лето – солнечная пора! –

деп аударды. Мұның кері аудармасы мынадай:

Жаз – күншуақ мезгіл.

Шубин де шілде болғанда сөзін асыл нұсқаға сай лайықты аудармаған. Жаз мезгіліне жалпы сипаттама берген. М. Сұлтанбеков өлеңнің бірінші жолын:

Июль – середина лета, –

деп аударды. Бұл жолдардың кері аудармасы:

Шілде – жаздың ортасы.

М. Сұлтанбеков аудармада «середина» деген сөзді ойынан қосқан. Мұны асыл нұсқадағы «шілде» сөзінің баламасы ретінде қабылдауға болар еді. Бірақ бұл жерде де Абайдың «шілде» сөзінің мағынасы берілген деп айта алмаймыз. Түпнұсқада ортасы деген сөз жоқ.

Өкінішке қарай, «шілде» сөзі қазақ тілінде өз алдына бөлек лексикалық бірлік болғанына қарамастан, оны басқа тілге дәл

аудару мүмкін емес. Өйткені бұл сөздің шығу төркіні қазақ халқының тұрмыс тіршілігі аясында қалыптасқан дүниетанымына байланысты.

Ю. Кузнецовтың:

Знойным летом налитые, –

деген аудармасы да біздің көңілімізге толып тұрған жоқ. Мұны біз:

Жаздың аптап ыстығында, –

деп, кері аудардық. «Жаздыгүн шілде» сөзін Кузнецов «знойным летом» деп береді. Ал бұл жердегі «налитые» сөзі жаздың әбден толысқан кезін көрсетіп тұр деп түсінуімізге болады. Алайда мынаны ескеру керек: шілде ылғи да қайнаған ыстық бола бермейді; жаз ыстық емес, қоңыр салқын болатын кездер де болады; шыбынсыз жаз да болады. Не керек, аудармашылар қазақтың шілде деген сөзін орыс тіліне аударма алмай, бекер шатасқан.

Өлеңнің:

Көкорай шалғын, бәйпешек, –

деп басталатын екінші жолын А. Жовтистің:

И буйно цветут на лугах, –

деп аударуы орыс оқырмандары үшін әдеттегідей болуы мүмкін. Қазақ оқырмандарының танымы тұрғысынан алып қарағанда, бұл да түпнұсқаға толық сәйкес келіп тұрған аударма емес. Бұл жолдарды біз,

Шалғындар қызу гүлдейді, –

деп кері аудардық. Осыны түпнұсқамен салыстыратын болсақ, аударманың сапасына көңіліміз толмай қалады. Түпнұсқаның мазмұны мен мағынасы бұл жерде де толық ашылмай тұр.

А. Жовтис түпнұсқаның екінші және үшінші жолдарын бір жолмен берген. Сонымен қатар «көкорай», «бәйшешек» сөздерін аудармаған, «ұзарып өсіп толғанда» деген жолын «буйно цветут» деп аударған. Мұнда да көзге ұрып тұрған кемістік жоқ екені байқалады. Сөйте тұра мынаған назар аударуға тура келеді: Абайдың «ұзарып өсіп толғанда» дегенінде «ұзарып өсіп толу» үдеріс ретінде толық аяқталған күйді білдіреді. Енді бұдан әрі қарай ұзарып өсіп толу болмайды. Жаздыгүн шілде болғанда, көкорай шалғын бәйшешек осындай күйде болады. Аудармада көкорай шалғын, бәйшешек әлі ұзарып өсіп толысу үстінде көрінеді. Бұл әлі шілденің болмағанын білдіреді. Бұл айтып отырған жайлар көптің көзіне іліге бермейтін, Абайдың өлеңімен, қазақтың жазымен етене таныс адам ғана байқайтын нәзік құбылыстардың қатарына жатады. Солай дегенмен, аудармашыдан мұншалық дәлдікті талап етпеуге болмайды.

П. Шубинің аудармасына қарасақ:

В тучных, в шелковых травах степь
Шубин «шалғын» сөзін «трава»

деп берген. Ал шалғын сөзі орыс тілінде луг. Шубин де «бәйшешек» сөзін аудармаған. «Степь» сөзін ойдан қосқан.

М. Сұлтанбеков бұл жолды былай аударды:

Степная нива на диво.

Кері аудармасы:

Дала егіндігі тамаша.

Бұл аударма, менің ойымша, түпнұсқаға мүлдем сәйкес келмейді. Өйткені түпнұсқадағы: «Көкорай, шалғын бәйшешек», – деген жолға «дала егіндігі» балама бола алмайды. Бұл жолдарда М. Сұлтанбеков ешқандай да «шалғын, бәйшешек» туралы айтпаған. Сондықтан аударма түпнұсқаның мағынасын толық ашып тұрған жоқ деп айтуымызға әбден болады.

Ю. Кузнецовтың аудармасына көңіл бөлейік:

В рост пошла цветы и травы

Кері аудармасы:

Гүлдер мен шөптер өсе бастады

Ю. Кузнецовтың аудармасы да түпнұсқаға мүлдем сәйкес келмейді. М. Сұлтанбеков пен Ю. Кузнецов аударма барысында еркін аударманың түрін қолданған. Бірақ еркін аудармада аудармашы өз ойын, түсінігін жеткізуі мақсат емес. Мақсат – ақынның айтқысы келген ойын жеткізуге барынша күш салу.

Ұзарып өсіп толғанда;

П. Шубин бұл жолды

От душистых цветов пестра, –

деп аударады. Оны біз:

Хош иісті гүлдерден құлпырған, –

деп кері аудардық.

Аудармашы еркін аударма жасаған. Ұзарып өсіп толғанда деген жолдан П. Шубин ұзару, өсу деген сөздерді мүлде қолданбаған, жалпы гүлдердің жайқалып өсетінін, хош иістенетінін айтумен шектеледі. Басқаша айтсақ, аудармашы ойындағы өзінің жазының суретін жасайды да, Абайдың жазының орнына өзінің жазының суретін ұсынғандай болады. П. Шубиннің аудармасын да түпнұсқаның мағынасын толық жеткізе алмаған аударма деуімізге болады.

М. Сұлтанбеков:

Подснежники в ярком цвете, –

деп аударады. Мұны:

Бәйшешектер құлпырған, –

деп кері аудардық. М. Сұлтанбеков те еркін аударма түрін пайдаланған. Яғни, бұл жерде түпнұсқадағы бәйшешек пен шалғынның ұзарып өсіп толысатыны туралы ешқандай мәлімет жоқ. Жәй ғана «бәйшешектер құлпырды» деген мағына беретін аудармадан орыс оқырмандары түпнұсқадан алғандай әсер ала алмайтыны хақ.

Күркіреп жатқан өзенге, –

деген жолды А. Жовтис:

И на широких речных берегах, –

деп береді.

Кері аудармасы:

Үлкен өзен жағасына

Бұл жолдардың аудармасына назар аударатын болсақ, Жовтис күркіреп сөзін широкий сөзімен берген ол түпнұсқаға мүлдем сәйкес келмейді. Негізінде орыс тілінде «**күркіреген өзен**» сөзі «грохочущая река» деп айтылады. Түпнұсқада өзеннің көлемі, үлкен кішілігі туралы сөз кездеспейді. Күркіреген өзенді кең арналы өзен деуде аудармашылық шеберлік бар деп айту қиын. Абайдың өзенінің күркіреуінің өзінде жаз суретіне ерекше айшық, әр қосатын ерекшелік бар.

П. Шубин күркіреп жатқан өзенді:

К полноводной реке аул, –

деп аударады.

Кері аудармасы:

Ауыл суы мол өзенге

П. Шубин де күркіреп деген сөзді түсінбеген, оны полноводной, яғни, суы толған, тасыған деген сияқты мағына беретін

сөзбен ауыстырған. Таулы жерде тасыған өзен күркіреп ағатыны рас. Солай десек те, П. Шубиннің повноводной сөзінің мағынасы бір басқа, Абайдың күркіреп жатқан өзені бір басқа.

М. Сұлтанбековтің аудармасын қарайық:

И там, где резвится река

Кері аудармасы:

Сарқыраған өзенге

М. Сұлтанбековтың аудармасы түпнұсқаға жақын. Қазақта сарқыраған өзен, күркіреген өзен деп те өзенге сипаттама беріп жатады. Бірақ екі сөздің мағынасы бір-біріне ұқсамайды. Сарқырау, күркіреу немесе сарқырама, күркіреме сөздерінің әрқайсысының өзіне тән мағынасы бар. Әдетте арықтың суы, селдің суы туралы да сарқырап деп айтылады. Өзен сарқырап ақты деудің реті келмейді. Сарқырап сөзі судың жоғарыдан ылдилап тар арнада және таяз ағуына байланысты шығатын дыбысқа қатысты айтылады. Өзеннің жоғарыдан төменге кең арнада және терең ағып құлауынан күркіреген дыбыс естіледі. Абайдың өзені – күркіреп аққан өзен. Сондықтан бұл аударма түпнұсқаның толық мағынасын беріп тұрған жоқ.

Ю. Кузнецов:

У реки разбили станы, –

дейді. Бұл да жарасып тұрған аударма емес.

Абайдың «Жаз» өлеңінің келесі шумақтары орыс тіліне қалай аударылғанына назар аударайық:

Көшіп ауыл қонғанда, –

деген жолды орыс тіліне П. Шубин аударыпты:

На кочевье пришёл с утра, –

Осы жолдың кері аудармасы

Көшке таңертеңнен келді –

түпнұсқада таңертеңнен деген сөз жоқ, яғни аудармашы с утра сөзін жанынан қосса керек. Сонымен қатар көш деген сөзді де аудармашы түсінбеген сияқты. Өйткені түпнұсқадағы көшіп сөзі етістік болып тұр, ал аудармада ол зат есім ретінде берілген. Жалпы ақын ауылдың көшетіні туралы айтса, аудармашы «кочевья», «көш» деп зат есім ретінде берген. Жалпы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде Көш, көшу – бір мекеннен екінші орынға бірнеше отбасының немесе ауылдың қоныс аударуы. Яғни, Абай «көшіп ауыл қонғанда» деген жол арқылы ауылдың көшу үдерісін және оның аяқталған үдеріс екенін жеткізіп тұр. Көш сөзінің түсіндірме сөздік бойынша бірінші мағынасы 1. бір жерден екінші жерге ауысу, қоныс аудару, ал екінші мағынасы 2. бір орыннан жылжып, қозғалу [8, 421]. Дәстүрлі қазақ тұрмысында көш барлық сән-салтанатымен бірге ұйымдастырылған. А. Жовтис бұл жолды

Шумно раскидываются кочевья, –

деп аударған екен, біз оны былайша кері аудардық:

Шулаған көш жайылады, –

жалпы А. Жовтистің бұл аудармасы өлең жолының мағынасын беріп тұрғандай болып көрінуі мүмкін. Аударма сыншылары А. Жовтистің осы аудармасын дұрыс деп есептеуі де ғажап емес. «Раскидывать» сөзінің мағынасы негізі жайылу, шашырау, тым-тырақай таралу деген сияқты мағыналарды білдіреді. Абай өлеңінің «Көшіп ауыл қонғанда» деген тармағында берілген ақпарат А.Жовтистің аудармасының осы көрсетілген мағыналарында көрініс тапты деу мүмкін емес. Өйткені қазақ өмірінде көші-қонға байланысты жайылу (жайылып көшу), шашырау (шашырап көшу) , тым-тырақай таралу (тым-тырақай таралып көшу) деген сияқты ұғымдар лайықты емес. Ауылдың көшіп

қонуына байланысты аудармашының шулап (шумно) жайылу (жайылып көшу), шулап (шумно) шашырау (шашырап көшу), шулап (шумно) тым-тырақай таралу (тым-тырақай таралып көшу) дегені өзінше шығармашылық шешім болып табылады. Онда ойдан қосу да, ойдан шығару да бар. Аудармашының ойдан қосуы, ойдан шығаруы туралы түрлі көзқарастар бар. Әйтсе де әр нәрсенің шегі бары, шегі болатыны анық. Аудармашының ойдан қосуы мен ойдан шығаруы түпнұсқаның ішкі мазмұны мен сыртқы ажарын лайықты беруге қызмет етсе ғана орынды болады. Ал енді А. Жовтистің ойдан қосуы мен ойдан шығаруы түпнұсқаның ішкі мазмұны мен сыртқы ажарын лайықты береді деп айту өте қиынға соғады.

Аул встаёт на рассвете, –

деген аударманы М. Султанбеков жасапты.

Кері аудармасы:

Ауыл таң сәріде тұрады.

Бұл аударма түпнұсқаның мағынасын мүлде ашып тұрған жоқ. Олай дейтін себебіміз, одан Абайдың «Көшіп ауыл қонғанда», – деген өлең жолының бірде бір сөзінің аудармасын көріп тұрған жоқпыз. П. Шубин:

На кочевье припѣл с утра, –

деген аудармасы жоғарыда сипатталды. Ал М. Сұлтанбековтің «Аул встаёт на рассвете» дегені П. Шубиннің көркемдік шешіміне мүлде қарама-қайшы. Абай өлеңінің жоғарыда көрсетілген бір жолын бұл екі аудармашының қайсысы дұрыс аударды деген сұрақ туады. Біздің ойымызша, аудармашылардың екеуі де еркіндікке жол беріп, бетімен кеткен сияқты. Аудармашылар Абайдың өлеңін аудару барысында, осылай еркіндікке жол беріп, бетімен кете беретін болса, онда оның аудармашы деген аты және аударманың биік өнер екендігі туралы талап қайда қалады.

Сондықтан аудармашы асыл нұсқаның мазмұнын, мағынасын барынша көркем тілмен жеткізу деген сияқты қағидалардан айнамауы керек.

Ю. Кузнецовтың аудармасы:

Скотоводы кочевые.

Кері аудармасы:

Көшпелі малшылар

Осы жердегі Ю. Кузнецовтың тәржімасына назар аударатын болсақ, аударма мағынасын толық, әрі нақты беріп тұрған жоқ. Олай айтатын себебіміз түпнұсқаның бірде бір тәржімаланған сөзін көріп тұрған жоқпыз.

Шұрқырап жатқан жылқының, –

деген жолды Шубин:

Слышно ржанье коней в траве, –

деп беріпті.

Кері аудармасы:

Шөпте жылқылардың кісінегені естіледі, –

аудармаға қарасақ түпнұсқа мағынасын беріп тұр деп айта алмаймыз. Аудармашы шұрқыра сөзін ржанье (кісінеу) деп берген екен. Ол аудармамен келісуге болады. Өйткені түпнұсқадағы шұрқыра сөзі мен аудармадағы ржанье (кісінеу)сөзін салыстыратын болсақ, шұрқыра сөзі түсіндірме сөздікте жылқының оқырана кісінеуі деп беріледі. Осыған қарап аударма мағынасы беріліп тұр деп айта аламыз. Аудармашының бұл жолды аудару барысында қателігі де жоқ деп айта алмаймыз, мысалы, в траве сөзін өз ойынан қосып отыр. Түпнұсқада мүлде шөпте немесе

шөп деген сөздерді көре алмаймыз. Сондықтан аудармашының осы жердегі в траве (шөпте) сөзі артық десек қателік емес.

Дәл осы жолды А. Жовтистің аудармасында былайша оқимыз:

Так высока в степи трава.

Кері аудармасы:

Даланың биік шөптері,–

деген аудармамен келісе алмаймыз. Бұл жолға қарап айтар ойымыз аудармашы сөзсіз өлең жолын басты назарға алмаған. Көбінесе ұйқасқа мән беріп, өлең жолдарына көңіл бөлуі назардан тыс қалған.

И в травах крупные крупы, –

деген М. Сұлтанбековтың аудармасын былайша кері аудардық:

Шөптердегі үлкен жарналар.

Бұл аударма жолы көңілге қонымсыз. Бұл аудармада да аудармашы сөзге мүлде көңіл бөлмеген. Түпнұсқадағы «Шұрқырап жатқан жылқының» деген жолдың ешқандай сөзі аударылмаған. Ю. Кузнецовтың аудармасы:

Гул висит над табунами,

Кері аудармасы:

Үйір жылқының дүрілі.

Бұл аудармада бір қарағанда түпнұсқа мағынасы беріліп тұрған секілді. Түпнұсқада шұрқырап жатқан жылқылар туралы айтылады. Қазақ халқында негізі шұрқыраған сөзін жылқының кісінеуімен қатар үйір жылқыға байланысты айтылады. Сондықтан менің ойымша, Ю. Кузнецовтың аудармасы түпнұсқа мағынасына біршама жақындайды.

Шалғыннан жоны қылтылдап, –

деген жолды П. Шубин:

Как в лесу, их найдёшь не вдруг –

деп аударған.

Кері аудармасы:

Ормандағы сияқты, оларды табу кенеттен емес.

Бұл аударма көңілге қонымсыз. Түпнұсқа мағынасы ашылмаған. Ақын шұрқыраған жылқылардың шалғында тұрған кезіндегі жоны қылтылдайтыны туралы айтса, аудармашы кісінеген жылқыларды табу қиынға соқпайды деген мағынаны үстейді. Абайдың жылқылардың шілде кезіндегі өзен жағасында шұрқырап, жоны қылтылдап жататынын Ю. Кузнецовтың аудармасында бере алмаған.

Что спины коней видны едва –

деген тәржіманы А. Жовтис жасаған. Кері аударма жасасақ мынадай мағына шығады:

Жылқылардың арқасы әрең көрінеді, –

аударма мағынасы асыл нұсқаға жақындаған. Халқымызда жон деген сөз арқа деген мағынаны береді. Абайдың бұл өлең жолындағы жоны қылтылдап дегені жылқының арқасына қатысты айтылып тұр. *М. Сұлтанбековтың аудармасы:*

Едва заметны при ржанье,

Кері аудармасы:

Кісінеген кезінде зорға еленеді.

М. Сұлтанбековтың аудармасы түпнұсқа мағынасына мүлде жақындамайды. Асыл нұсқадағы жылқының жоны, оның қыл-

тылдағаны туралы мүлде ақпарат берілмеген. Аудармашы өз жанынан кісінеу және зорға елену деген мағынаны қосқан.

Абайдың «Қыс» өлеңінің мына жолдары көпке белгілі:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқпырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй пайқалды.

Енді осы жолдардың орыс тіліндегі аудармаларына назар аударып көрейік. Шумақтың алғашқы екі жолын Ю. Кузнецов мынадай түрде аударған:

Великан в белой шубе, с седой бородой,
Никого он не видит, слепой и немой.

Ю. Кузнецов «ақ киімді» сөздерді ақ тон (в белой шубе), «денелі» деген сөзді алып (великан) деп аударған. Аудармашы «киім», «денелі» деген сөздердің мағынасын дұрыс аудармаған. Өйткені ақтон түпнұсқадағы «ақ киімді» ұғымын жеткізе алмайды. Екіншіден, аудармашы түпнұсқадағы заттың жалпы мағынасын беретін сөзді жалқы есіммен алмастырған. Аудармашының бұл шешімі түпнұсқаның мағынасын немесе мағыналық бірлігін нақты жеткізіп тұр деп айта алмаймыз.

«Соқыр, мылқау танымас тірі жанды» деген жолды аудармашы «никого он не видит, слепой и немой» деп тәржімалайды. Бұл жерде түпнұсқаның мынадай мағыналық-құрылымдық бірліктеріне көңіл аудару дұрыс: а) соқыр; ә) мылқау; б) танымас.

Аудармашы осы үш ұғымды өз аудармасында беруі қажет еді. Бірақ аудармашы бұл үш ұғымды толық жеткізе алмады. Аудармада жоғарыда көрсетілген үш ұғымның екеуі бар: а) соқыр; ә) мылқау. Ал үшінші ұғым (танымас) аудармашының назарынан тыс қалған. Оның орнына аудармашы ешкімді көрмейді деген ұғымды береді. Бұл, біріншіден, аудармашының өз тарапынан қосқан ұғымы, екіншіден, бұл «соқыр» (слепой) ұғымының баламасы. Сөйтіп, аудармашы түпнұсқадағы үш ұғымның біреуін қалдырып кетеді де, қалған екеуінің бірінен (соқыр – слепой) өзара мағыналас екі ұғым (ешкімді көрмейді; соқыр – никого не видит; слепой) жасайды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, –

деген жолды Ю. Кузнецов:

На суровом лице белый иней блестит, –

деп аударады. Осы жолды кері аударсақ, мынадай мағына шығады:

Ызғарлы бетте ақ қырау жарқырайды,

Бұл аударма түпнұсқаға мүлдем сәйкес келмейді. Абай жансыз құбылысқа жан бітіріп сипаттайды. Аудармашы сол жансыз құбылыстың жанды бейнесін бере алмаған. Түпнұсқадағы «Үсті-басы», «түсі суық» деген ұғымдарды «На суровом лице» деп тәржімалаған. Сөйтіп, түпнұсқадағы «үсті-басы ақ қырау» және «түсі суық» секілді күрделі екі ұғымның жүйесі аудармада көрініс таппаған. Олай айтатын себебіміз, асыл нұсқадағы «үсті-басы» деген сөзді мүлдем аудармаған. Сонымен қатар аудармашы «ақ қырау» сөзін «белый иней» деп тәржімаласа, «түсі суық» деген сөзді «на суровом лице» деп аударады. Қазақ және орыс нұсқасындағы өлеңді салыстырып оқыған оқырман үшін әрине орыс тіліндегі аударма түпнұсқа мағынасын мүлде бере алмайды. Ал орыс оқырмандары Абайдың жансыз нәрсеге жан бітіріп, қыстың бейнесін адам кейпінде суреттеген шеберлігін аударма арқылы мүлдем сезіне алмайды.

Басқан жері сықырлап, келіп қалды,–

деген жолды Ю. Кузнецов былай аударыпты:

Все скрипит и трещит под тяжелой стопой.

Біз бұл жолды былайша кері аудардық:

Ауыр табанның астында бәрі сықырлап, пықырлайды.

Түпнұсқадағы «басқан жері» сөзі тәржімаланбаған. Ал «сықырлап» сөзін «скрипеть» деп сөзбе сөз аударса және «келіп қалды» деген сөз аудармада көрініс таппаған. Аудармашы өз жанынан «все трещит» және «под тяжелой стопой» деген сөздерді қосады. Қалай дегенменде аудармашы бір қарағанда Абайдың ойын жеткізгісі келгенімен Абайдың ойын дөп басып айта алмаған. Осы өлеңнің орыс тіліндегі бір ғана емес бірнеше нұсқасы болса да, Абайдың көркемдік бейнесін дәл аударған аудармашылар жоқтың қасы.

Осы шумақты М. Сұлтанбековтың аудармасында қарап көрсек:

Белобородый, в белой одежде старик
Глух и нем ко всему и ко всем без разбора.

Осы жолды кері аударатын болсақ:

Ақ сақалды, ақ киімді қария
Барлық нәрсеге мылқау барлық нәрсеге талғамсыз, –

деген мағына шығады. М. Сұлтанбеков «в белой одежде старик» деп аударма жасаған екен. Түпнұсқада «старик» қазақ тілінде «қария» деген сөз мүлдем жоқ. «Ақ киімді» және «ақ сақалды» сөздерінің аудармасы бар, ал «денелі» сөзінің аудармасы жоқ. Оның орнына аудармашы «старик» (қария) сөзін қосқан. Ал өлеңнің екінші жолында біз аударылған «мылқау» (глух) деген сөзді ғана кездестірміз. Асыл нұсқадағы «соқыр» сөзі аударылмаған

және танымас тірі жанды деген мағынаны аудармашы и ко всем без разбора деп берген. Жалпы аударманың сөздік құрылымына келсек, осылай аударылған екен. Мағыналық жағы туралы сөз етер болсақ, онда әңгіме мүлде бөлек. Олай дейтін себебім, ең бірінші аударманы оқып отырған адамға ешқандай да қыстың, табиғаттың бейнесі елестемейді, керісінше қария бейнесі көз алдымызға келеді. Аудармашы өлеңнің келесі жолын былай аударады:

Белый иней на нем и по виду суров,
По скрипучему снегу ступает упорно.

Кері аудармасы:

Үстінде ақ қырау, түсі суық
Сықырлаған қарды қайраттана басты,-

мағынасы жағынан түпнұсқаға жақынырақ түскен. Бұл жолда да аудармашы түпнұсқадағы басқан жері, келіп қалды деген ұғымдарды бере алмаған. Тек қана «скрипучий» (сықырлаған) деген сөздің ғана аудармасын көре аламыз. Ал мағынасы туралы айтар болсақ, оқырманға қыстың бейнесі емес, үстін қырау басқан қария елестейтіні сөзсіз.

Вс. Рождественскийдің аудармасына назар аударсақ:

В белой шубе, плечист, весь от снега седой .

Кері аудармасы:

Ақ тонды, иықты, қардан ақ сақалды.

Вс. Рождественский «ақ киімді» сөзін «в белой шубе», «денелі» сөзін «плечист», «ақ сақалды» сөзін «от снега седой» деп аударған екен. Біз аудармаға назар салатын болсақ, аудармашы сөздердің аудармасын береді және ойынан сөздер қосып еркін аудармаға біршама жақындайды. Түпнұсқадағы «ақ сақалды» сөзін орыс оқырманына «весь от снега седой» деп береді. Осы жер-

дегі весь от снега сөзін аудармашы өз тарапынан қосады. Өлең-
нің келесі жолына қарасақ:

Слеп и нем, с серебристой большой бородой, –

деген аударманы көреміз. Осы жолдың кері аудармасына қарайық:

Соқыр, мылқау, үлкен күміс сақалды.

Түпнұсқадағы танымас тірі жанды сөздері тәржімаланбаған. Оның орнына аудармашы үлкен күміс деген сөздерді өз тарапынан қосқан. Сонымен қатар аударманың бірінші және екінші жолында «сақал» сөзін кездестіреміз. Яғни, аудармашы бір сөзді қайталап екі жолда да береді. Аудармаға қарап өлеңнің мағынасы ашылмаған деп айтуымызға әбден болады.

Враг всему, что живет, с омраченным челом

Осы жолдың кері аудармасы:

Кіртиген қабақпен өмір сүргендердің барлығына жау.

Дұрыстап қарайтын болсақ, өлең жолының бірде бір сөзін аудармашы аудармаған. Өз түсінігі бойынша өлеңнің мағынасын бергендей болады, бірақ түпнұсқа мағынасы мүлде ашылып тұрған жоқ. Осы жолды аудару барысында аудармашы еркіндікке бой береді.

Он, скрипучий, шагает в степях, снеговой, –

деген төртінші жолдың кері аудармасы:

Ол сықырлап, қарлы далада жүр.

Бұл тармақта да аудармашы өзі қосқан сөздер бар. Аудармашы «Ол» деп белгілі адамды меңзеп отыр. Түпнұсқаға зер салатын болсақ, Абай ешқандай да адам бейнесін бейнелемейді. Соған

қарағанда аудармашы өлеңнің түпкі мәнін түсінбеген деп толық айтуымызға болады.

Абайдың «Қыс» өлеңін түпнұсқадан оқитын болсақ, Абай қыс мезгіліндегі табиғат бейнесіне жан бітіре сипаттайды. Қыс мезгілінің сондай бір ерекшелігін, қарлы боранын, аязын, аппақ қырауына жан бітіргендей болады. Оқыған адамға да ерекше ой салары, әсер етері сөзсіз. Ал орыс тіліне аударылған нұсқаларын оқыған оқырман үшін мұндай әсер алу екіталай. Сонымен қатар орыс тілді оқырмандар бұл өлеңнің негізгі, түпкі ойын түсінбеуі мүмкін. Себебі аудармашылар түпнұсқаны өздері толық түсінбеген. Олар сөзбе-сөз аударып, сол арқылы өлеңнің мағынасын берген. Бірақ түпнұсқа мен аударманы бір-бірімен салыстырсақ, мүлдем сәйкес емес. Аудармашылар аударма барысында көбінесе өз жанынан сөздер қосқан және тікелей аударған.

Әрине, Абайдың өлеңін орыс тілінде немесе басқа тілдерде дәл Абайдың өзіндей ешкім сөйлете алмайтыны белгілі. Бірақ қазақтың ұлы Абайын әлемге таныту үшін, Абай арқылы қазақты таныту үшін бізге білікті де білімді аудармашылар керек-ақ.

Қазақ оқырманы алған әсерді өзге тілдегі оқырман да алу үшін аудармашы Абайдың деңгейінде сөйлеуі тиіс. Өкінішке орай, қазіргі кезде ондай аудармашылар кем де кем. Абай өлеңдерін, алдында айтып кеткендей, көп аудармашылар аударған. Бірақ олардың аудармаларында Абайдың өзіне тән ақындық даралығы көрініс таппаған.

Аудармаларды оқу, салыстыру, зерттеу арқылы біз түпнұсқаның өз бойындағы қасиеттерге ерекше, тың көзбен қараймыз, жаңаша бағалаймыз, оның әр түрлі қырларын, бұрын байқамаған бояуларын ашамыз. Мәтінге қайта-қайта үңіле жүріп, түпнұсқаны оқыған тұстағыдан да гөрі зеректік танытамыз. Сол әдебиет нұсқасы жасалған елдердің өкілдері де біздің ақынымыз немесе жазушымыз қалай аударылып жатыр екен өзі, деңгей-дәрежесі төмендемей жеткен бе деп салыстыру арқылы да туған әдебиетінің қазыналарына бұрынғыдан ұсынықтылау қарай бастайды.

Поэзия аудармасындағы басты мәселе – асыл нұсқаның мағынасын толық әрі түсінікті жеткізу, ұйқас болып табылады.

Мұндай мәселелерді басты назарға алып жұмыс істемеген аудармашының аудармасы, әрине, қатты сынға ұшырайды. Сондықтан аудармадағы қағидалар мен ережелерді, мәселелерді ескере жасалған жұмыс әрқашан да өз оқырманын табады.

Әрине, Абайдың өлеңін орыс тілінде немесе басқа тілдерде дәл Абайдың өзіндей ешкім сөйлете алмайтыны белгілі. Бірақ қазақтың ұлы Абайын әлемге таныту үшін, Абай арқылы қазақты таныту үшін бізге білікті де білімді аудармашылар керек-ақ. Болашақта Абай өлеңдерін орыс тілінде нақышына келтіріп, ақынның ойын дәлме-дәл, дөп басып аударатын аудармашылар шығатынына кәміл сенеміз. Ұлы Абай өлеңдері болашақта тек қана орыс тілінде емес, әлемнің көптеген тілдерінде өз нақышында аударылатын болады деп үміт етеміз.

Аңғару мен аудару

Көркем ақпаратты немесе көркем мәтіннің барлық мәндік, мағыналық, құрылымдық ерекшелігін сақтап аудару үшін аудармашы екі тілді де жетік меңгерген, сол тілдердің мәдениеті мен тарихынан терең әрі жан-жақты білімі бар, ізденімпаз, талант иесі болуы керек деген пікірді көптеген зерттеушілер қолдайды. Сонымен қатар аудармашы, әсіресе, көркем мәтін аудармашысы психологиялық тұрғыдан да жетілген тұлға болуы тиіс, яғни, ол асыл нұсқаны дұрыс қабылдап, талқылап, бағалап, түсінуі қажет. Сонда ғана ол аудармашының еңбегі көркем аудармаға қойылатын талаптарға жауап беріп, сәйкесінше бағасын алмақ.


Көркем ақпаратты мидың материалды құрылымынан ойдың ажырамастай болатыны секілді, көркем мәтіндердің құрылымынан бөлінбейтін ерекше көркем ақпаратты адам өнер туындысын жазу және тану арқылы алады, сақтайды және тасымалдайды деп түсіндіру бар [9]. Көркем ақпарат – өнер туындылары арқылы жасалып, берілетін ақпарат түрі. Көркем ақпараттың басты мақсаты – оқырманға эмоционалды әсер ету, ол қарабайыр тілде жазылмайды, жекелеген көркем образдар жүйесін құрайды. Көркем ақпарат сипатталып отырған құбылыстың ерекше белгілерін негізге ала отырып жасалады. Сонымен қоса, оған автордың дүниетанымдық бірегейлігі, тұлғасы да келіп қосылады. Мұндай

ерекше белгілердің көпмағыналы болатыны белгілі, оларды дұрыс қабылдау, түсіну оңайға соға бермейді. Көркем ақпараттың аудармада сайма-сай бола бермеуінің себебі де осында жатыр. Асыл нұсқамен аударманың сайма-сай болмауының нақты мысалы ретінде қазақтың бас ақыны – Абайдың өлеңдерінің аудармаларын айта аламыз. Көптеген зерттеушілер Абай өлеңдерінің аудармаларының асыл нұсқадан мағыналық және құрылымдық тұрғыдан алыс екендігін, Абайдың «сылдырап өңкей келіскен» поэзиясының қуаты аудармада күні бүгінге дейін толық жеткізіле алмай келетіндігін айтады. Бұл пікірмен келісуге болады.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – қазағым, жұртым, елім деп өткен акынның дара да дана қаламынан туындаған көркемдік дәрежесі биік, мағынасы тереңде жатқан туынды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – Абайдың көлемі отыз жолдан тұратын, 11 буынды қара өлең ұйқасы түрінде жазылған өлеңі. Ол алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербург қаласында «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарық көрді [10]. Өлең сыни релистік сарында жазылған, мазмұны қазақ халқының сол замандағы бүкіл болмыс-бітімін, қоғамдық-тарихи және рухани ахуалын көрсетеді. Оны талқылау, талдауда түрлі зерттеушілердің пікірі бір нүктеде ұшырасады. Солардың ішінде М.О. Әуезов, А. Нұрқатов, С. Әшімбаев сынды әдебиеттанушылардың айтқан ойларының ғылыми құндылығы ерекше екендігін атап өткен жөн.

Абайдың өзге шығармалары секілді бұл өлең де бірнеше тілге тәржімеленген. Біз өз мақаламызда осы өлеңнің орыс тіліндегі аудармаларын қарастырмақпыз. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің Қ. Досжан, С. Липкин, Ю. Кузнецов, Ә. Қодар, М. Әдібаев жасаған бес аударма нұсқасы белгілі. Соның ішінде Қ. Досжанның аудармасы – жолма-жол аударма да, М. Әдібаевтың аудармасы соңғы жасалған аударма болып табылады. Аударма нұсқалардың өзара ұқсастықтары аз. Әйтсе де асыл нұсқаға сайма-сай деу де қиынға соғады.

Өлеңнің алғашқы шумағы аударма нұсқаларында былайша көрініс тапқан:



Бұл шумақтағы «ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» – астары терең әрі ауыспалы мағынада қолданылған ерекше образ. С. Әшімбаев «ұстара» сөзінің әлеуметтік терең сырлы, өмірдің реалистік шындығын танытып тұрған тың философиялық ойға негізделген поэтикалық образ екендігін айта келе, оның екі түрлі сипатын келтіреді. Автордың айтуынша, бұл образ, біріншіден, «тарихи, азаматтық, адамгершілік сана-сезімнің балаңдығы мен дәстүрлер жұтандығынан арылмаған жағдайда «жақсы мен жаманды» айыра алмауды», екіншіден, «ұлттық сана-сезімнің мешеулігінің символикалық бейнесін» көрсетіп тұр [11]. Сонымен

қатар, «мұрт» образының да имплициттік ақпараты бар. Жан мен тән тазалығына ерекше мән берілетін ислам дінінде мұртты, сақалды күтіп, баптап отырады. Мұрты, сақалы аузына түссе, ол харам делінеді. Халықтың дәстүрлі таным-түсінігінде мұрттың ауызға түсуі надандықтың, имансыздықтың сыртқы көрінісі ретінде есептеледі. Абай осы сияқты келеңсіз, зиянды мінез-құлықтарға, надандыққа, имансыздыққа қарсы ой білдіреді.

Ақын жолынан тайып адасқан көпті тура жолға түсіріп, әлеуметтік және моральдық ахуалын түзеп, былайша айтқанда, адамды, заманды жөндемек болды. Ол мұрттың ауызға түсуі, екі ұрттың бірінің қан, бірінің май болуы секілді көріністер арқылы заман мен адамның бойындағы адамшылыққа жат әдеттер мен қылықтарды аяусыз сынап, үлкен философиялық ой ұсынады. Ақынның тарихи, рухани мәні үлкен осы ойы орыс тіліндегі аудармаларда тым қарабайыр, қарапайым көрініс тапқан десек, ағат айтпаған болармыз. Мәселен, жолма-жол аударманың өзінде Қ. Досжан «Прячешь, скрываешь свой рот за небритыми устами (рот, который может говорить бесстыжие слова)» деп береді. Жақшада берілген түсініктеменің негізін түпнұсқадан аңғару қиын, яғни асыл нұсқада тек ұят туралы ғана емес, жалпы рухани азу, адамның надандығы, имансыздығы туралы айтылған. Қ. Досжанның аудармасында асыл нұсқадағы адамның надандығы, рухани азуы, имансыздығы туралы ой ашылмаған.

«Мұрт» образының аудармаларда сәтсіз көрініс тапқандығын өзге аударма нұсқалардан да аңғара аламыз. «Мұрт» образына қатысты қазақ әдеби тілінде «мұртына ұстара тимеген» делінетін тұрақты сөз тіркесі бар. Бұл тұрақты тіркес ешбір бет қайтару, тоқтау көрмей, тек өз еркімен, өз дегенімен өмір сүретін адамға қатысты айтылады. Беті қайтарылмаған, ешбір жанның пікірімен немесе қоғамдағы белгілі моральдық-этикалық нормалармен санаспайтын адамның адамгершіліктен алыс адам екендігін түсіну аса қиын емес. Демек, бұл тіркестің мағынасы ілгеріде білдірген ойымызды қуаттай түседі.


Абайдың кез келген сюжетті, мақал-мәтел не тіркесті болмасын белгілі бір мақсатта өзгертіп, сөздің мазмұн мен мағы-

насының икеміне орай асқан шеберлікпен қолдана білгені жұмбақ емес. Сол секілді ақын бұл жерде де тілдегі «мұртына ұстара тимеген» тіркесін өлеңде «ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деп беріп, оның үстіне «бірі қан, бірі май болып екі ұртың» деп жалғап түпкі фразеологизмнің көркемдік ерекшелігін, онда салынған имплицитті ойды, эмоционалды реңкті күшейте түскен. Мұндағы «бір ұрты қан, бір ұрты май» тіркесі де тұрақты және ол бойында жақсы да, жаман да қасиеттер жиналған, бір мезетте жақсылықты да, жамандықты да жасай салатын, тұрақсыз, оңғақ мінезді адам жайында айтылады. Екі тіркес түпнұсқадағы түпкі ойды білдіретін біртұтас мағыналы бірлік болып тұр. Осы мағыналық бірліктегі көркемдік ерекшелік, имплицитті ой, эмоционалды реңк аудармаларда толықтай ашылмаған деген ой білдірсек, қателеспеген боламыз. Мәселен, Ю. Кузнецов «Ус, не видавший бритвы, скрывает твой рот» деп алған. Ю. Кузнецов секілді белгілі аудармашының талантына құрметпен қарай отырып, бұл жерде ең жиі кездесетін аудармашылық қателік жіберілген деуге мәжбүрміз. Ол қателік – түпнұсқаны дұрыс түсінбеу. Аудармашы түпнұсқадағы бұл жолда имплицитті мағынасы бар фразеологиялық бірлік тұрғанын ескермеген. Сол себепті орыс тілді оқырман аударманы оқи отырып өмірде бұғау көрмеген, адамгершілік пен иман талаптарынан алыстап, рухани азу жолына түскен адам бейнесін емес, бет-жүзін сақал-мұрт қаптаған ұсқынсыз кісіні ғана елестетеді. Бұл – түпнұсқаның прагматикалық әсерінің мүлдем өзгеріп кеткендігін көрсетеді. Осы әсер басқа аудармашыларда да («Жестким усом небритым прикрыл ты рот» (С. Липкин), «Усы, разростаясь, покрыли твой рот» (Ө. Қодар), «Небритым усом прикрываешь рот неверный» (М. Әдібаев)) Ю. Кузнецовтың аудармасының деңгейінде қалып отыр.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген жолдағы «қайран» одағайының ақынның ішкі ойын беруде мәні зор. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» бұл одағайдың «дарига» сөзінің мағынасына жақындығы көрсетіледі және де «қайран» одағайы «ардақты, сүйікті, қымбатты мағынасында қынжылу, назалану

түрінде келіп, өткенге аяныш, өкініш туралы айтылады» делінген. Осы сөздікте «қайран» одағайының мағынасын тереңірек түсіндіру үшін сөздік құрастырушылары қырғыз тіліндегі «Жаманға айтқан сөзің қайран», қазақтың «Жаманға айтқаның тамға сөйлегенмен бірдей» деген мақалдарын мысал қылып келтіреді. Сонымен бірге тілімізде «қайран» одағайына мағыналас «әттең, есіл, шіркін» секілді синоним одағайлар кездеседі. Бұл түсініктемелерді қорыта келе ұғынатынымыз: ақын «қайран жұртым» деп халқының рухани-әлеуметтік жағдайының төмендегенін көріп, сол жағдайын түзетуге еш талпынбай жүргеніне, ілгері басып, келешегім деп білімге, ғылымға, еңбекке ынталанбағанына өкініш-назын айтып отыр. Аудармаларда Абай айтқан «қайран жұрт» бедолага (Қ. Досжан), бедный народ (С. Липкин, Ю. Кузнецов,) милый народ (Ә. Қодар), великий народ (М. Әдібаев) секілді нұсқалармен берілген. Орыс тіліндегі «бедный» лексикалық бірлігі «неимуший, скудный» мағыналарымен қоса «несчастный, жалкий», ал «бедолага» «бедняга, неудачник» мағынасымен түсіндіріледі [12]. Орыс тіліндегі түсініктемелерінен көрініп тұрғанындай, асыл нұсқадағы ақынның жұртына деген аянышқа, өкінішке толы сезімі аудармада өз деңгейінде берілмеген. М. Әдібаевтың «великий народ», яғни «ұлы халық» деп аударуын сәтсіз аудармашылық шешім деп атауға болады. Ә. Қодардың аудармасындағы «милый народ» тіркесіндегі «милый» сын есімінің коннотативті мағынасы орыс тілді оқырманның санасында асыл нұсқадағы түпкі мағынаны жаңғырта алмайды. Сондай-ақ Қ. Досжанның жолма-жол аудармасындағы, С. Липкин, Ю. Кузнецов аудармаларындағы «О, казахи мои» деп «О» одағайының алынуы да аудармашылардың сәтсіз шешімдері қатарына жатады деген ойдамыз. Себебі, біріншіден, бұл аудармашылық шешім түпнұсқадағы ақынның өкінішке толы сезімін жойып жіберіп тұр. Екіншіден, ақын тыңдаушының көңілін қартату үшін әлдебір одағай сөзді емес, «қазағым» қаратпа сөзін қолданып отыр. Аталған жайттар «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің мазмұны мен мағынасының аудармадағы көрінісі өте қарапайым болып шыққандығына дәлел бола алады.

Абайдың тілі қазақ тілінің бүкіл байлығының, ал өлеңдері бүтін тыныс-тіршілігінің көрсеткіші екендігін айтып отырудың өзі артық. Біздің мақаламыздың талдау нысаны болып отырған «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – осы ойымыздың анық дәлелі. Ақын өлеңде ауызбен орақ ору, бас-басына би болу, байлауы жоқ, күш сынасқан күндестік, қырқын мінсе, қыр артылмас секілді тұрақты тіркестерді қолдана отырып ана тіліміздің байлығын көрсетіп қана қоймай, сол тілді қолдана білудегі шеберлігін, ақындық қуатын жеткізеді. Ол тұрақты тіркестермен қоса-қыртың ету, бұртың ету, жыртың ету, пыш-пыш деу сияқты бейнелеуіш сөздермен адамның сыртқы көрінісін ғана емес мінез-құлқын, ішкі көңіл-күйін шебер сипаттайды. Ақынның өз сөзімен айтсақ, әр сөзінің іші – алтын, сырты – күміс. Оның әрбір сөзі қуатты да терең ойдан, ыстық жүректен туындаған. Осы тұрақты тіркестердің, бейнелеуіш сөздердің аудармаларын оқып, Абайдың сөз қолданысындағы бірегей шеберлікті, оның ақындық қуатын сезіне алмайтынымыз жасырын емес. Осы ойымызды айғақтау мақсатында «аузымен орақ ору» тіркесі кездесетін бунақты қарастырайық.



Фразеологиялық тіркестер – тіл қазынасының молдығының, икемділігінің бірден-бір көрсеткіші, халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Фразеологизмдер – ақпараттылығы жоғары болып саналатын тіл бірліктері. Олардың аударылуы, аударылуының сапасын бағалау мәселелері аударма теориясында түрлі пікірлерді тудырып келетіні мәлім. Тілтанушы ғалымдар фразеологиялық бірліктер тілдің қызмет етуі барысында түрлі трансформацияларға ұшырап отыратындығын айтады. Мұндай трансформациялар әрдайым коммуникативті немесе стилистикалық, я болмаса басқа белгілі бір мақсатта жүзеге асып отырады. Абай да келтірілген бунақтағы «аузымен орақ ору» фразеологизмін анық мақсатпен қолданады.

Берілген бунақтағы «аузымен орақ ору» фразеологиялық бірлігінің қазақ тілінде жалғасы бар. Сонымен қатар тілімізде бұл фразеологиялық бірліктің синонимдері де бар. Олар былайша болып келеді: ауызбен орақ ору – ауызбен айды алу, жел өкпе, кеппе кеуде, көбік өкпе, көнектей болу, күбідей ісіну, қызыл сөзден бал жағу және т.б. [13]. Оның толық нұсқасы «аузымен орақ ору, қолымен қосаяқ соға алмау» түрінде қолданылады [14]. Алайда ақын тіркестің тек бірінші бөлігін ғана келтіреді. Мұның мәнісі тереңде жатыр. «Ұқпайсың өз сөзіннен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртын» бунағы – ақынның біртұтас жүйе болып тұрған өлеңіндегі басты идеялық бірліктердің бірі. Ақын бұл жерде сол замандағы қазақ қоғамында орын алған келеңсіз жағдайлардың, адамшылыққа жат қылықтардың белең алып, заман мен адамның рухани азуының басты себебін көрсетіп отыр. Ол – түсіністіктің болмауы, түсінуге деген талпыныстың, қуатты ойдан бас құрап, барлық құлқымен, күшімен өзін, өзгені, айналасын ұғынуға деген ынтаның болмауы. Ақынның ойынша, қалың елдің қуатты ойдан бас құрап ілгері талпынбақ түгілі қосаяқ соғардай қауқары қалмаған және ол өз әлі келгенше бұл жайды жөнге келтіргісі келеді. Аталған ойлар ақынның бүтін шығармашылығынан көрініс тапқаны анық: «кісі айтпаған сөз бар ма? тегіс ұғар қай құлақ?», «айтшы-айтшылап жалынар, ұққыш жансып шабынар», «құлықсыз құлақ ойға олақ», т.б. Келтірілген өрнектер ұлы ақынның өзін түсіндіруге, ұғындыруға, адамның

көкірегіне ой салуға деген өмірлік талпынысының көрсеткіші іспеттес. Демек, бұл оның герменевтикалық ойларының негізі десек артық айтпаймыз. Абайдың герменевтикалық ойлары секілді күрделі әрі жан-жақты терең зерттеуді қажет ететін тақырып бүгінгі күні ашық күйінде қалып отыр. Ақынның табиғи дарынының бірегейлігі сол, осындай қиын философиялық мәселені «ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, аузымен орақ орған өңкей қыртың» деп бір бунақ ішіне сыйдыртып қояды. Осы жерден өлеңнің аударма нұсқаларда өз реңкі мен бояуын жоғалтып алуының себебін де аңғарамыз.

«Ауызбен орақ ору, қолмен қосаяқ соға алмау» тіркесінің орыс тіліндегі аудармаларын қарастыратын болсақ, фразеологиялық бірлікті екіге бөліп қарастыру қажет. Тіркестің әуелгі бөлігінің мағынасы орыс тіліндегі «переливать из пустого в порожнее, толоч воду в ступе, бобы на бобах разводить, лить воду, носить воду решетом (в решете), черных кабелей перемывать набело» [15] фразеологизмдерінің мағынасына жуық келеді. Ал тіркестің екінші бөлігі орыс тіліндегі «палец о палец не ударить, бить баклуши, лодыря гонять, лежать на боку, продавать глаза, пень колотить да день проводить, груши окалачивать, мух считать (ловить), гонять голубей (собак), считать ворон (галок), плевать в потолок» [15] фразеологиялық бірліктерімен мағыналас болып табылады. «Аузымен орақ ору» бес түрлі аудармаларда бір-біріне ұқсамайды. Жолма-жол аудармада Қ. Досжан «Ртом косите (как сено) всех подряд, болтаете вздор» деп берсе, М. Әдібаев «несете вздор, косите всех подряд» деп жолма-жол нұсқаға мағыналық тұрғыдан жақындау аударады. С. Липкиннің аудармасында «режет всех без разбора твой серп – язык» болса, Ю. Кузнецовтікінде «а твои пустозвоны гремят языком» делінеді. Ә. Қодар «аузымен орақ орғанды» «погрязший в пустом суесловии сброд» деп береді. Аударма нұсқалардың бесеуінде де асыл нұсқадағы ақынның айтпақ болған терең ойын көре алмай отырғанымыз жасырын емес. Әсіресе, тіркестің екінші бөлігі қазақ тілді оқырманның санасында өзінен-өзі жаңғырып тұрады, яғни қазақ тілді оқырман аузымен орақ оратын кісінің қолымен қосаяқ

соға алмайтынын, қолынан мардымды тірлік келмейтінін біліп тұрады. Ал орыс тіліндегі аудармаларын оқып отырған орыс тілді оқырманның ойында мұндай ассоциациялар еш туындамайды. Бұл аудармашыларды нашар аудармашы қатарына жатқызуды білдірмейді, тек сәтсіз аудармашылық шешім қабылданғандығын көрсетеді. Сол себепті де ақынның түпкі ойы аудармада берілмей қалғандығын айтуға тура келеді.

Ақынның түпкі ойы деп отырғанымыз – барлық мәндік, мағыналық, құрылымдық ерекшелігі сақталып барып аударылуы тиіс көркем ақпарат. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі санаулы ғана көркем ақпарат есебіндегі бірліктердің бес түрлі аудармадағы нұсқаларын қарастыра келе, көркем ақпаратты аудармада барынша сайма-сай бере білу бірнеше шарттарға тәуелді болатынын тұжырымдауға болады. Аудармашы түпнұсқаны көркемдік құралдарды, мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерді тани, қабылдай, талқылай, бағалай білу арқылы ғана түпнұсқаны және ондағы астарлы, имплицитті көркем ақпаратты, авторды түсіне алады. Осы шарттардың бірінің назардан тыс қалуы сәтсіз аудармашылық шешімдер туындатады, түпнұсқа авторының ойын бұрмалауға әкеліп соғады деген тұжырымға келеміз.

Абай өлеңдерінің моңғол тіліндегі ажары

Қазақ ұлтының шоқтығы биік дараланған дана тұлғасы ұлы Абайдың артына қалдырған шығармашылық мұрасы, ғасырлар бойы маңызын жоймаған рухани қазынасы – бүгінгі және келер ұрпақ үшін игілікті ұлттық рухани байлығымыз.

Ұлт мақтанышы болған Абай жайында сөз қозғамаған әдебиеттанушылар аз болар. Адамзат болмысындағы өмірдің ащы да, шынайы келбетін шешен тілмен, көрегенді оймен көркем шеберлеп жеткізе білген, ұлы да дана тұлға болып есімі мәңгіге қалған Абайдың асыл мұрасы, оның керемет ой тұжырымы, жүрек түбінен шыққан жан тебіренер рухты сөздері әлемнің біршама тілдеріне аударылды.

Солардың ішінде Абай шығармалары түбі бір түркі-моңғол халықтары қатарына жататын, қазақ халқымен көршілес моңғол

жұртына да жетті. Бұл көңілге қанағаттанғандық сезімін ұлататын үлкен іс болғаны анық.

Жалпы қай ұлттың салт сана, мәдениет, әдет- ғұрып, тарихи танымын және өмір болмысын ұлттық ерекшелікпен нақыштап, шешен тілмен сөзден маржан түзетін көркем әдебиетті өзге тілде бұлжытпай сөйлету – талантпен бірге асқан жауапкершілік пен төзімді талап ететін тұңғыық әлем. Аудармашыларымыз сол тұңғыық әлемге қаншалықты бойлай алды екен? Осы ой мені жиі мазалайды.

Абай қазақ тілінен моңғол тіліне қалай аударылды? Абайды моңғол халқы қалай қабылдады? Әлем классиктері қатарынан орын алатын У. Шекспир, Гёте, А.И. Пушкин, М.Ю. Лермонтов сынды тұлғаларды тани білгені сияқты, Абайды да біле алды ма? Бұл сұрақтарға жауап беру үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап ететіні анық. Біз алдымызға ондай үлкен міндет қойып отырғанымыз жоқ. Біздің шағын мақаламызда осы іргелі мәселенің бір қыры ғана қарастырылады.

Абайдың өлеңдері мен поэмалары, қара сөздері моңғол тіліне 1958 жылдан бері қарай аударыла бастады. Кейіннен ақынның 150 жылдық мерейтой қарсаңында моңғол тіліне аударылған өлеңдері мен қара сөздері 1995 жылы Улаанбаатор қаласында жеке кітап болып жарық көрді. 2008 жылы Улаанбаатор қаласындағы Моңғол ұлттық университетінің баспаханасында «Дэлхийн яаруу найраг» («Әлем классигі») деп аталатын шағын кітапшасы басылып шықты.

Осы аударма мәселесіне келер болсақ, аудармашыларымыз қалай жеткізді, олар Абайдың сырлы сөзінің құдіретін сезініп түсіне алды ма? Өз түсінгенім – Абайды, әрине, өз деңгейінде өзге тілге аударып жеткізу мүмкін емес, ол – қайталанбас дана тұлға. Абайды өзге ұлт өкілі түгілі өз ұлтының қазіргі жастары толық тани біле ме екен?

Әң әуелі Абайды өзге ұлтқа таныстыра білу үшін, өзің толығымен танығаның орынды болар деп ойлаймын. Абайдың өлеңдерінде, қара сөзінде кездесетін әр сөздің өзінің астарындағы терең сырлы, бейнелі ой-тұжырымына, сөз құдіретімен рух бере

сипаттаған шебер көркемділігіне ден қойып, көз жүгірте оқысақта, ой жеткізіп түсінбей қалатын жерлеріміз жоқ емес.

Абайдың өмір сүрген кезеңі, ортасы шиеленіскен таластартысқа толы. Әділеттілік жойылған, адамдардың көз қарасы жалған дүниеге ауған заманда ақынның өзін де, сөзін де жұрт қабылдай алмайды.

Абайдың өнер-білім жолындағы ізденісі өз бетімен үйренуі, шығыс мәдениетін жете тануы, ішкі рухының өзгелерден көшілгері өзгешелігі оның дүние танымының даналық сипатында. Ол өзі біліп, түсінгенін өзгелерге де түсіндіргісі келді. Бірақ өзгелердің түсінгісі келмеді. Ақынның туындысын өзге тілге аудару барысында аудармашы оның осындай қасиеттерін жете білуі басты шарт екенін ұғынғандаймын.

Абай поэзиясының бір алуаны – табиғат лирикасы. Табиғат ол тіршілік көзі, ұлы жаратушы ие адамнан бұрын адамға керек табиғатты жаратты. Сондықтан бұл тылсым күштен әсер алып жырламаған ақын болған емес. Алайда олардың қатарында Абайдың орны бөлек. Мына жолдарға назар аударайық:

Желсіз түнде жарық ай.
Сәулесі суда дірілдеп.

Ақынның бұл өлең жолдары, табиғат суреті ауылда өсіп, ержеткен жан үшін түсінікті және қымбат деп ойлаймын. Әсіресе, көшпенді қазақ ұлтының ерекше бір түнгі болмысы табиғаттың сол бір тылсым сырымен үндескендей. Жазды күнгі жайлаудағы маужыраған түнгі аспан, жел лебі мүлде жоқ, айнала тек тыныштыққа бой алған, жарық ай түн қараңғысына түгелдей жарық берген. Менің сипаттағанымнан өлеңдегі суреттің өзі артық екенін түсінемін.

Өлеңнің келесі жолдарында сол жарқыраған жарық айдың сәулесі су бетіне қалқып түскен, дірілдеген жанды бейнесі бар. Осы дірілдеген сырды ақын сол ауылдағы жас, пәк махаббат иелерінің жүрек лүпілімен де үндестіре сипаттаған. Осы екі жолдың өзі-ақ, Абайдың өз сөзімен айтқандайын, құлақтан кіріп бойды алады...

Ары қарай:

Ауылдың маңы терең сай
Тасыған өзен гүрілдеп, –

деп жалғасқан жолдарда ауылдың айналасындағы сайдан құлап аққан өзеннің гүрілдеген дауысы – айдың дірілдеген бейнесі мен өзеннің гүрілі сондай бір ерекше үйлесімді, әсерлі сипатталған. Ал енді осы рухты әрі жанды сипаттама аударма тілінде қалай берілді екен?

Аударма мәтіні (Х. Хангайсайхан аудармасында):

Салхигүй амгалан шөңө.
Сарны туяа уснаа явгалан,
Хавцал дахь айлын хаягаар.
Харгилах гол жирэлзэнэ.

Кері аудармасы:

Желсіз, тыныш түн,
Ай сәулесі суға түскен.
Сайдағы ауыл маңынан
Тасыған өзен зымырап аққан....

Түпнұсқада желсіз түндегі жан-жағын сәулемен жап-жарық еткен ай суреттелсе, аудармада желсіз тыныш түн көрсетілген. Беруге тиісті ой даланың тыныштығымен қоса маужыраған түнгі аспандағы жарық ай еді. Ол сөз аударма мәтінінде көрініс таппаған.

Түпнұсқадағы жарық айдың сәулесі суға дірілдеп түсіп тұрған жанды көрінісі аудармада «суға түскен ай сәулесі» деген жолмен көрсетілген. Айдың сәулесі суда дірілдеп тұрған әсерлі бейнесі аудармада сондай әлсіз ғана балама тапқан.

Түпнұсқадағы Ауылдың маңы терең сай аудармада «Сайдағы ауыл маңынан» дегендей болып шыққан. Сайдағы ауыл маңы мен ауылдың жаны терең сай арасында үлкен алшақтық бар. Олар бір-бірінің баламасы бола алмайды.

Аударма түпнұсқаның сәйкес мағыналық баламасы деп қабылдаған күннің өзінде де түпнұсқадағы керемет ой мен сурет пен көркемдік келісімнің орны ойсырап тұрады.

Өлеңнің төртінші жолы «Тасыған өзен гүрілдеп» аудармада «Тасыған өзен зымырап аққан» деп аударылуы түп нұсқаға сай келіп тұрмағаны анық. Негізінде, тасыған өзен зымырап ағатын болса, онда өзеннің суы таяз, арнасы тар болғаны байқалады. Абайдың өзені мұндай емес. Гүрілдеп ағу – өзеннің өзіне тән ерекшеліктерін білдіретін белгілердің бірі. Сондықтан тасыған өзенді зымырап аққан өзенге айналдыру аударманың жақсы жақтарын білдірмейді. Оның үстіне ақын өзеннің желсіз түндегі, жарық айдың астындағы қалпын бейнелеген ғой. Желсіз түнде жарық айдың сәулесімен өзеннің зымырап аққанын көру қиын.

Енді осы жолдар Д. Нямаа, Б. Монголхүү аудармасында қалай балама тапты екен – оған да зер салайық.

Аударма мәтіні:

Салхигүй шөнө сав саруулхан.
Сарны туяа уснаа явгалан,
Үдшийн шөнө айлын хаяагаар,
Үэрлэсэн гол шуугин урсана.

Кері аударма мәтіні:

Желсіз түн жап-жарық
Ай сәулесі суға түскен
Кешкілік ауыл маңынан
Тасыған өзен гүрілдеп аққан.

Бұл аудармада да түннің жарықтығы неден пайда болғаны анық емес, яғни бұл жолдарда да жарық берген «ай» сөзі деп анық көрсетілмеген немесе жасырын түрде қалып кеткен. Десек те келесі жолда айдың сәулесі суға түскені айтылған, бірақ айдың су бетінде дірілдеген жанды бейнесі тағы да түпнұсқаға сай емес. Келесі жолдың «Кешкілік ауыл маңынан» деп аударылуының көркемдігі туралы да ойлануға тура келеді. «Кеш-

кілік» деген сөз аудармашы тарапынан қосылған. Соңғы жолда «Тасыған өзен гүрілдеп аққан» түпнұсқаға сай дәлдік бере алған деп айтуға болмайды. Бұл аударма жолдарындағы байқала бермейтін өзгешелік – ол басқа жолдарда ашық айтылмаған ойды келесі жолдарда береді. Мысалы, соңғы «Тасыған өзен гүрілдеп аққан» дауысы кешкілік мал аяғы тоқтаған тыныштықта толық естілуін ескере отырып, «кешкілік» сөзін жанынан қосқаны деп тұжырымдадым. Сонымен қатар өлеңдегі мезгіл мен мекен арақатынасы туралы айтқан дұрыс. Өлеңде суреттеліп отырған сәт және оның суреті – желсіз түн, жарық ай. Өлеңде көрініс тапқан мезгіл сәтін осы суреттен аңғаруға болады. Осы анық көрсетілген мезгілдік шақты өз алдына қалдырып, «кешкі ауыл маңындағы тасыған өзеннің гүрілін» айту өлеңдегі мезгіл, шақ категориясының негізсіз өзгеруіне әкеліп соғып тұр.

Қорыта айтсақ, аудармада түп нұсқадағы ойдың жалпылама бейнесі бар. Бірақ аударма түпнұсқамен толық үйлесімді сәйкестікте емес. Абай өлеңдерін басқа ұлт тілдеріне аударуда аудармашылардың жетістіктері де, кемшіліктері де бар. Абайдың өлеңдерін басқа ұлт тілдеріне түпнұсқаға сай аудару аудармашылардан үлкен ізденісті талап етеді.

Әдебиеттер

1. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
2. Влахов С. Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Высшая школа, 1986. – 416 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
4. Толковый словарь Ушакова. Д.Н. Ушаков. 1935-1940.
5. Толковый словарь Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992.
6. <http://abai-inst.kz/>
7. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Монография. – Алматы, «Жазушы», 1966. – 348 б.
8. Эльжуркаева М. Я. Проблемы перевода фразеологических единиц // Филологические науки в России и за рубежом: материалы II междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2013 г.). – СПб.: Реноме, 2013. – С. 106-109.
9. Русова Н.Ю. Терминологический словарь-тезаурус по литературоведению. От аллегории до ямба. – М.: Флинта, Наука.-2004.

10. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
11. Әшімбаев С. Ақын жанын жабырқатқан жайлар. – <http://abai-inst.kz/?p=1128#more-1128>
12. Ожегов С.И. и Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений/Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. – 4-ое изд., дополненное. – М.: ООО «ИТИ Технологии», 2008. – 944 стр.
13. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2002. – 192 б.
14. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977 – 712 б.
15. Словарь фразеологических синонимов русского языка /под ред. В.П. Жукова. – М.: Русский язык, 1987.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау. Мәдениетаралық байланыстар	6
II тарау. Классикалық үлгі	37
III тарау. Көркемдік бейнелеу құралдары мен өзекті ойлар	54
IV тарау. Асыл нұсқа және аударма	80
V тарау. Мазмұн мен мағына	122
VI тарау. Образ және образдылық	158
VII тарау. Қабылдау мен пайымдау арналары	186
VIII тарау. Көркем ақпарат: аңғару мен аудару	209
IX тарау. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау)	261
ҚОРЫТЫНДЫ	288

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IX том
Пәнаралық-зерттеу

Авторлар:

*Дәдебаев Жангара, Тарақ Әнуар,
Көпбасарова Айнұр, Қожақанова Мәдина,
Сандыбаева Құралай, Сәйдәжиева Айдана,
Кіребасева Айдана, Түнкер Айсұлу*

Редакторы *К. Мухадиева*

Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ № 9189

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$.
Көлемі 18,18 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №235.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.